



• БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлес жазушымыз жеңімпаз

Елена Пономаренко – Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық байқауда жеңіске жеткен қарағандылық жазушы. Ол балалар мен жасөспірімдерге арналған орыс тіліндегі үздік әдеби шығарма бағытында озық шықты.

Байқауға қатысушылардың шығармаларын педагогтер, ғалымдар, жазушылар мен кітапханашылардан құрылған қазылар алқасы бағалады. Сонымен бірге, кітапқұмар әуесқойлар да жеңімпазды анықтауға қатысты. Сыйлық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Қазақ тіліндегі үздік шығарма» және «Орыс тіліндегі үздік шығарма» номинациялары бойынша беріледі.

Алматылық Мейіржан Жылқыбайдың «Менің атым Қожа. Шуақ» еңбегі қазақ тіліндегі ең үздік шығарма деп танылды. Ал, Елена Пономаренконың «Опалённое детство» атты әңгімелер жинағы орыс тіліндегі номинацияда үздік атанды.

– Мен «Опалённое детство» кітабыммен жеңіске жеттім. Бұл – 6 мен 13 жас аралығындағы соғыс көрген балалардың естеліктері. Жинаққа 96 әңгіме кірді. Менің кітабым Қарағандыда өте танымал. Енді, ол туралы басқа өңірлерден келген оқырмандар білсе екен, – дейді жазушы.

Елена Пономаренко балалар үшін ғана емес, ересектерге де арнап шығармалар жазады. Кітаптарды өз есебінен шағын тиражбен басып шығарып, балалар үйлері мен мектепке дейінгі мекемелерге таратады.

Өз тілшімізден

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ДЕМЕУІ Облыстағы 772 жобаға субсидия берілді



Кәсіпкерлікті қолдауда «Даму» қорының әлеуеті зор. Мәселен, биылғы жылдың тоғыз айында облыста 772 жобаға субсидия беру туралы келісімге қол қойылды. Несиенің жалпы сомасы 26,6 млрд. теңгені еңсерді. Аталған қаржы кәсіпорындар технологиясын жаңғыртуға, өндірістік қуатын күшейтуге елеулі екіпін беретіні белгілі.

Қордың Қарағанды облыстық филиалы облыс орталығы аумағында ұйымдастырған баспасөз турында қызметі жанданған бірнеше кәсіпорынның жұмысымен танысудың сәті түсті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бизнесті қолдаудағы ролі ерекше

Облыстық филиал директоры Әсет Тлемісов бизнесті қолдауда, кәсіпкерлік секторды ынталандыруда қор қызметі ерекше маңызға ие екеніне тоқталды.

– Биылғы тоғыз ай қорытындысында Қарағанды облысында несие сомасы 26,6 млрд. теңгені құрайтын 772 жоба-

ны субсидиялау келісіміне қол қойылды. Олардың қатарында «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы бойынша 20,5 млрд. теңгеге – 736 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 2,5 млрд. теңге сомасына – 8 жоба, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша 3,4 млрд. теңгеге 28 жоба бар, – дейді Әсет Сағдатұлы.

Сонымен қатар, филиал директоры кепілдік жобалар саны артқанын атап өтті. Айтуынша, жыл басынан бері не-

сие сомасы 16,2 млрд. теңгені құрайтын 720 жобаға кепілдік берілген. Мұнда «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы аясында кепілдік көлемі 7,3 млрд. теңгені құрайтын 717 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 375 млн. теңге сомасына кепілдендірілген 3 жоба қамтылған.

Қор бизнеске бөлінген несие пайызының қомақты бөлігін субсидиялайды. Мәселен, банктен 19,5 пайызбен берілген несиенің 13,5 пайызын қор көтеріп алады. Кәсіпкер қалған 6 пайызын негізгі қарызбен бірге өтеуі тиіс.

Облыстағы кез келген бизнес нысаны қор қызметін пайдалана алады. Әсіресе, ауылдық жерлер мен моноқалалардағы кәсіпкерлерге артықшылық қарастырылған. Тек, банк көрсеткен, қор бекіткен талаптар үдесінен шықса болғаны.

➡ 3-бетте

• АУЫЛ – ЕЛ БЕСІП

Тірек ауылда тіршілік тоқтамайды



«Экономика басқармасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, тірек және спутниктік ауылдық елді мекендердің тізбесін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Тірек ауыл

ретінде танылған, шамамен 12 000 адамды қамтитын 18 ауылдық елді мекеннің саны 24-ке жетті. Бұл ретте 1650 халықты қамтитын 2 ауылдық елді мекен тірек ауыл қатарына ауыстырылды. Бұл халықты толық және са-

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылды дамытудың амалын қарастырған осы жылдар аралығында мемлекет қол қусырып отырған жоқ. Обалы нешік, біраз бағдарлама жасады. Жалпақ жұрт оның бәрін біле бермеуі де мүмкін. Ауылдың көсегесін көгертуді көксеген көптеген мемлекеттік бағдарламалар әзірленді. «Түк жоқ» деп, ауызды құр шөппен сұрттуге мүлде келмейді. Тек оның тиімділігін толық сезінген әрі көрген ауыл аздау. Кілтипан мен гәп сонда. Мәселен, бүгінде Үкіметтің тірек ауылдарды қайта тізімдеп, ол үшін қандай қарекет қыларын жіпке тізгенінен бейхабар ауыл. Ал, Қарағанды облысында 69 тірек, 92 спутниктік, 189 басқа ауылдық елді мекен бар. Бұлар болашағы бұлыңғыр емес, керісінше, келешегі жарқын деген ауыл-аймақтар. Яғни, түндігінен түтіні түзу ұшқан ауыл ретінде әлі көрер жарығы һәм көркейер үмігі бар дегендері.

палы қызмет пен жеңілдіктермен тиісті аймақтық стандарттарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді экономика басқармасының маманы Гүлнар Болатқызы.

Сонымен Қарағанды облысында соңғы түзетулерге сай 69 тірек ауылда 137 746 адам

бар. Атап айтқанда, Абай ауданында – 7, Ақтоғайда – 4, Бұқар жырауда – 16, Қарқаралыда – 6, Нұрада – 12, Осакаровкада – 9, Шетте – 14 тірек ауыл түгін түтеді.

➡ 2-бетте



Жер мемлекетке қайтарылады

Ауыл шаруашылық министрі Ербол Қарашөкеев пайдаланылмай жатқан жер туралы мәлімдеді.

«Биыл пайдаланылмай жатқан әрі заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару бойынша Президенттің тапсырмасын орындау үшін белсенді жұмыс істедік. Мен бұған дейін осы жұмыстың аралық нәтижелерін жариялап отырдым. Міне, бүгін биылдың соңына дейін мемлекетке қайтарулы тиіс болған 5 миллион гектар бос жатқан жер мерзімінен бұрын қайтарылғанын айтқым келеді. Бұған коса, жер инспекторларының тексеру нәтижелері бойынша 1,8 миллион гектар жерді иелері ұзақ уақыттан кейін игере бастады», – делі министр.

Министр атап өткендей, тексерулердің саны былтырғымен салыстырғанда 8 есеге өсті.

– Бұл процесс ауыр және оның жауапкершілігі өте жоғары екенін айту керек. Өкініштісі, жергілікті атқарушы органдар бұл жұмысқа барлық кезде қатыспады. Соған қарамастан жоспар орындалды. Бірақ жеткен жетістікке тоқмейілісіп отырмаймыз, яғни мұнымен жұмысты тоқтатпаймыз, – деді ол.

Өз тілшімізден

Ерте диагностика қауіпті азайтады

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрлігі жүктіліктің 9-аптасында ДНК диагностикалауды енгізбекші. Ведомствода айтылғандай, бұл ұрықтың даму аномалиясын ерте анықтап, нәрестенің өлім-жітімін, балалардың мүгедектікке ұшырауын төмендетуге бағытталған жоба болмақ.

Елімізде алғаш рет ҚР-дағы перинатальді медицина қызметінің жұмысын реттейтін перинатальді ультратрадыстық скрининг жүргізуді ұйымдастыру стандарты және 2022-2025 жылдарға арналған перинатальді ультратрадыстық диагностиканы одан әрі жетілдіру жөніндегі жол картасы әзірленді.

Аталған ДНК тестілеу жүктіліктің басында ұрықтың хромосомалық ауытқуларын жоғары сезімталдықпен анықтауға мүмкіндік беретін бірегей заманауи әдістердің бірі саналады. Айта кету керек, ол әйел үшін де, ұрық үшін де қауіпсіз.

Бүгінгі таңда өңірлерде перинатальді нәтижелерді жақсарту үшін сараптамалық деңгейдегі медициналық қызметтер көрсету мақсатында «Ұрықты қорғау орталықтары» ұйымдастырылған.

Жүктілік кезінде скринингтік зерттеулерді уақытылы жүргізу, перинатальді медицинағы соңғы жетістіктеріне негізделген заманауи және тиімді медициналық технологияларды енгізу туа біткен патология бойынша қауіп тобын бөліп көрсетуге және ұрықтың даму ауытқуларының үлкен спектрін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5834,60	5900,80
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11669,20	11801,60
		6 ай 3086,60	3092,80
		12 ай 6173,20	6185,60

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10229,20	10433,60
Жеке жазылушылар үшін	3492	5549,20	5669,60

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Ешкім назардан тыс қалмайды

Жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде әлеуметтік қызметкерлер күні аталып өтеді. Әлеуметтік сала мемлекеттің маңызы бағыты. Бұл қызмет қорғау, көмек, оңалту, қолдаумен тығыз байланысты. Әлеуметтік сала қызметкерлері көзге көріне бермес, қиындығы көп жұмысты еңсеріп жүр. Сондықтан, олар мереке қарсаңында түрлі марапатқа ие болды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігінде әлеуметтік қызмет ардагерлерін, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлерін, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері мен орталықтарда, жұмыспен қамту бөлімдерінде жұмыс істейтін мамандарды құттықтау шарасы өтті. Оларға ведомстволық наградалар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Құрмет грамоталары, сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімінің атынан Алғыс хаттар табыс етілді.

– Сіздердің күн сайын қандай ауқымды жұмыс істеп жатқандарыңызды біреміз білеміз. Сіздер көмекке, қорғауға және қолдауға мұқтаж кез келген адамға керемет сүйіспеншілік пен қамқорлық жасайсыздар. Еңбектеріңіз әрқашан бағалануына тілектеспін, – деді



облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов құттықтау сөзінде.

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының көші-қон бөлімінің басшысы Анар Бактыбаева «Әлеуметтік-еңбек саласының үзді-

гі» белгісімен марапатталды. Ол өмірінің 15 жылын жұмыспен қамту саласына арнады. Анар Бактыбаеваның айтуынша, ол қандастарға, шетелдіктер мен босқындарға мәртебе алуға көмектеседі. Марапатталғандар арасында Абай ауданының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айгүл Сейфуллина бар. Кеудесіне таққан «Еңбек ардагері» медалі оның осы саладағы 20 жылдық еңбегінің жемісі.

– Әлеуметтік қызметкерлер – мемлекет пен еліміздің азаматтары арасындағы көпір. Түрлі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтерді кез келген адамға жеткізуге дайынбыз. Адамдар әлеуметтік қызметтерді пайдалануға құқығы бар екенін білуі керек. Сондай-ақ, біз еңбек нарығында бағдарлануға және жұмысқа орналасуға, оқу курстарынан өтуге және өз ісін ашу үшін грантқа үміткер болуға көмектесеміз. Біздің арамызда адамдардың тағдырына бейжай қарайтындар жоқ, – деген Айгүл Сейфуллина әлеуметтік қызметкерлердің өмірлік қиын жағдайға тап болған адамға көмек қолын созуға дайын екендігін жеткізді.

• ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жолдың 81 шақырымы жөнделді

Жарым ғасыр жөндеу көрмеген Осакаров ауданы мен Молодежный арасындағы жол жөнделуде. Бойында ондаған елді мекені орналасқан күре жол қарақұрым елді әбiгерге салған. Қарағандыға, Астанаға жол жүру қияметке айналып, жұрттың үзjін жергiлiктi атқарушы билiк толық орындай алмай дағдарған. Мемлекет басшысының жол сапасын жақсарту туралы тапсырмасынан соң облыс деңгейiндегi жолдардың бойына қан жүгiрдi. Тәулігіне кемi 2 мыңға жуық көлік қатынайтын жолдың 81 шақырымы бүгiнде жөнделіп үлгерді. Қалған бөлігі 2023 жылы аяқталмақ.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Владимир Кимнің айтуынша, аталған жолдың техникалық регламентке сай болуы – күн тәртібінде тұрған мәселе. Бұл тарапта жұмыс жалғасуда. Мәселен, биыл жол жиектері көтеріліп, аталған асфальттің екі қабаты төселді. Ал, келер жылы жол төсемінің соңғы үшінші қабаты жабылады.

Жолға мердігер 5 жыл кепілдеме беріп отыр. Аталған жұмыстарға 200-ге жуық адам мен 100-ден астам техника тартылған. Жобаның жалпы құны 4 млрд. теңгені құрайды.

«Үш қабатты жол төсемі салынды, асфальт қалыңдығы 8,6 және 5 см 3 қабатты жол төсемінен тұрады. Бірінші учаскеде 3 су өтетін құбыр жасалған, мында 16 су өткізгіш құбыр іске қосылған», – дейді мердігер



компания өкілі Мәди Дадиев.

Биыл Қарағанды облысында 1 200 шақырымға жуық жол жөнделді. Оның 350 шақырымнан астамы облыстық маңызға ие. Барлық жоспарланған міндеттерді іске асы-

ру үшін жол-құрылыс маусымында 3 мың техника, 59 асфальт зауыты жұмылдырылды. 5 мыңға жуық жұмыс орындары ашылған.

Осакаров ауданы

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА

Қала мен ауыл сыртындағы бос жатқан жерлердің әп-сәтте қоқысқа толып кетуі өзекті мәселеге айналғалы қашан. Рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою облыстың 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасына да енген. Сәрсенбіде Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыс бойынша Экология департаментінің басшысы Қанат Мұсапарбеков қоршаған ортаға қамқорлық жайына тоқталды.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спикердің мәлімдеуінше, биыл облыста 745 заңсыз қоқыс орындары анықталып, оның 725-і жойылған. Қарағанды, Теміртау қалалары мен Бұқар жырау, Осакаров аудандарында қоқыс орындарының азайғаны аңғарылады. Бұл бағыттағы жұмысқа жергілікті әкімдіктер тарапынан рұқсат етілмеген қоқыс, үйінділерін тазалауға 500 млн. теңге көлемінде ақшалай қаражат бөлінді.

Қарағанды облысында 202 қатты тұрмыстық қалдық полигоны орна-

Тірек ауылда тіршілік тоқтамайды



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ауылдар Экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №81 бұйрығымен бекітілген ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттар арқылы анықталды. Өлшемшарттар қандай ауылдың тірек болуы негізін айқындап берді. Сонымен, тірек ауылдың өлшемі не?

«Тірек ауылдық елді мекен – сол жерде тұратын халықты және іргелес орналасқан аумақтардың тұрғындарын мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдар жасалатын абаттандырылған ауылдық елді мекен. Кластерлерді қалыптастыру бойынша қашықтық халық тығыз қоныстанған өңірлер үшін 10 шақырым (Түркістан, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстары) және халық орташа қоныстанған өңірлер үшін 15 шақырым (Атырау, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары) құрайды. Өлшемшарттар 15 жиынтық көрсеткішті қамтитын демографиялық, инфрақұрылымдық, экономикалық және геокеңістіктік болып 4 блокқа бөлінеді», – дейді Гүлмира Болатқызы.

Жоғарыда министрлік бекіткен өлшемшартқа сәйкес ауылдық елді мекеннің әлеуетін бағалау кезінде әлеуметтік-демографиялық дамудың басымдықтары ескеріледі. Ол көрсеткіштердің әрқайсысына балл беріледі. Сол балдың жиынтық саны ауылдың маңыздылығын көрсетеді.

Демографиялық блок көрсеткіштерінің салмағы ең көп – ең жоғары жиынтық балл 50. Яғни, аталған басымдықта халық

саны, 16-29 жастағы жастардың үлесі, экономикалық белсенді тұрғындар есепке алынады. Бұдан соң инфрақұрылымдық блоктың көрсеткіштері – 30 балл. Мұнда ол үшін ауылда орталықтандырылған сұқұбыры, облыстық немесе республикалық маңыздағы автокөлік жолына жақындығы, кент ішіндегі көлік жолдары, мектепке дейінгі және медициналық мекемелер, мобильдік байланыс пен интернет ескеріледі. Экономикалық блоктың көрсеткіштері – 20 балл. Бұл арада мал басы, жалдамалы жұмысшы саны, күзгі жиын-терім көлемі есепке алынады. Геокеңістіктік блок – 5 балл – туристік нысандардан 10-30 шақырым арақашықтықта орналасуы міндет. Осы көрсеткіштерге жауап берген ауылдар тәртіп бойынша тірек ретінде саналады.

Ал тірек ауыл мәртебесі не береді? Бұған дейін жария етілген мәліметтерге сүйенсек, тірек ауылдарды дамыту үшін бюджеттік қаражатпен бірге инвесторлар да тартылады. Қажетті инфрақұрылым жүргізіліп, нақты жобаларға арнап мамандар даярлау қамтамасыз етіледі. Жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік қарастырылады. Жолдары жөнделіп, инфрақұрылымы жетіле түседі. Бары жаңғырып, жоғы түгенделеді. Жыласа жұбататын жергілікті билігі, жабықса қолдайтын Үкіметі болады.

Өйтеуір, қалай десек те, мемлекеттен берілетін күлшеден қағылмайды. Өзге ауылдарға жасалып жатқан игілікті көруге мүмкіндігі бар ауыл санатында. Түсінікті тілмен айтқанда, мұндай ауылдар жаратқанның да, биліктің де назарынан тыс қалмақ емес екен. Сөйтіп, тірек ауылдың тіршілігі тоқтамайды.

ласқан. Бүгінгі таңда 54 полигон бойынша рұқсат құжаттама бар. Қалған 148 полигонды барлық экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келтіру қоқыс үйінділерінің санын азайтуға ықпал етеді.

2022 жылы Департамент қурауының заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысы негізінде аталған полигондарға қатысты кент пен ауылдық округтер аумағында жоспардан тыс 12 тексеру жүргізген. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 332-бабы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысында қамтылған талаптарды орындамағаны үшін 12 әкімге

76 575 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Жалпы сомасы 918 900 теңгені құраған айыппұлдар толығымен өндірілген.

Дерек пен дәйектен соң Қанат Жантұяқұлы, БАҚ өкілдеріне экологиялық тәрбие мен мәдениеттің маңызын атап өтті. «Айналамызды абад ету – әр азаматтың кәсіптері борышы. Қалған қоқысты сұрыптау – өркениетті елдердің ежелгі машығы. Біз де бұған даяр болуымыз – уақыт талабы. Көп жағдайда қоршаған ортаға немкетті қарап жатамыз. Құдық құрғамайынша, судың құнын білмейміз. Сайып келгенде экология – ел тағдыры», – деп түйіндеді сөзін ведомство басшысы.

• САЙЛАУ 2022

Сайлау өткізу Конституциялық заңда реттелген

Конституцияға (83-бап) сәйкес прокуратура мемлекет атынан (заңда белгіленген шекте және нысандарда) заңдылықтың сақталуын жіті қадағалауды жүзеге асырады және сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Бұл функциялардың орындалуын прокуратура органдары сайлау процесінде де қамтамасыз етеді.

Президенттің кезектен тыс сайлауы өткізілетіні туралы жарияланған сәттен бастап прокуратура органдары сайлау науқанының барлық кезеңдеріне қатысты негізгі міндеттер мен ұйымдастырушылық іс-шараларды айқындады.

Жергілікті орындардағы прокурорлармен кеңес өткізіп, оларды сайлау туралы заңнама нормаларының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге бағыттады.

21 қазаннан бастап (сағат 18:00-ден бастап) ең белсенді кезең – сайлау алдындағы үгіт басталды (2022 жылдың 19 қарашасында сағат 00:00-де аяқталады).

Оны өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен әжейі-тегжейлі реттелген.

Белгіленген нормаларды сақтамау жауапкершілікке әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сайлау алдындағы үгіттің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін 9 бап көзделген.

Бұл келесі құрамдар:

сайлау алдындағы үгітті оған тыйым салынған кезеңде жүргізу (102-бап – 15-тен 35 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл).

– сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығына кедергі келтіру (103-бап – 20-дан 50 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);

– БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу шарттарын бұзу (112-бап – 2-ден 50 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл).

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үгіт жүргізу шарттары «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңының 27-бабында (7-тармағы) белгіленген.

Анықтама: үгіт жүргізу шарттарының бұзылуына келесілер жатады:

- сайлау науқанының бұқаралық ақпарат құралдарын біржақты жариялау, яғни сайлау алдындағы іс-шаралардың максаттарын, міндеттері мен нәтижелерін, сондай-ақ, олармен байланысты оқиғалар мен фактілерді бұрмалау;
- кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдарын БАҚ-та жариялау, сондай-ақ

теріске шығаруды тегін жариялау мүмкіндігін беруден бас тарту;

3. кандидаттардың БАҚ-та сөйлеп жатқан сөздерін бөлу және сөйлеген сөздерінен кейін іле-шала оларға түсініктеме жасау;

4. егер басқаларға келісім берілген жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарының кандидаттардың біріне эфир уақытын, баспа алаңын бөлуден бас тартуы.

Осы шарттарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сондай-ақ, үгіт жүргізу кезеңінде болуы мүмкін әкімшілік құқық бұзушылықтардың басқа да құрамдарын атап өткім келеді:

– анонимдік үгіттеу материалдарын дайындау немесе тарату («ҚР сайлау туралы» заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес барлық үгіт-насихат баспа материалдарында осы материалдарды шығарған ұйым, олардың басып шығару орны мен таралымы, тапсырысты жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы мәліметтер болуы тиіс) ӘҚБтК-нің 113-бабы бойынша әкімшілік айыппұл салуға (25 айлық есептік көрсеткіш) әкеп соғады.

– үгіт материалдарын қасақана жою, бүлдіру (114-бап – 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл);

– сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал саууды жүргізу шарттарын бұзу (120-бап – 10-нан 30 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);

Анықтама: сауалнама жүргізген заңды тұлғаны; сауалнамаға тапсырыс берген және оны төлеген адамдарды; сауалнама жүргізу уақытын; ақпарат жинау әдісін; сұрақтың нақты тұжырымын; сұралғандардың санын және сауалнама нәтижелерінің кәтелік коэффициентін көрсетпеу.

– сайлау алдындағы үгітті жүргізу шарттарын бұзу (122-бап – 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл);

Анықтама: «ҚР сайлау туралы» заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын таратуға тыйым салынады:

– мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ, олардың лауазымды адамдарына, әскери қызметшілеріне, Ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, сайлау комиссияларының мүшелеріне, діни бірлестіктерге;

– кандидаттар немесе олардың сенім білдірілген адамдары тіркеген журналистердің, БАҚ редакцияларының лауазымды адамдарының сайлауды БАҚ арқылы жариялауға қатысуына.

– үгіт материалдарын орналастыру (ескерткіштерде, обелисктерде, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар ғимарат

тар мен құрылыстарда, сондай-ақ, дауыс беру-ге арналған үй-жайларда, 124-бап – 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл);

– сайлау алдындағы үгіт жүргізуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау тәртібін бұзу (125-бап – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл).

Аталған барлық құқық бұзушылықтар бойынша субъектілер болып азаматтармен және лауазымды тұлғалармен қатар кәсіпкерлік субъектілері де табылады. Баптардың санкцияларында 10-нан 50 айлық есептік көрсеткішке дейін (30-дан 153 мың теңгеге дейін) айыппұл қарастырылған.

Сайлау құқықтарына нұқсан келтіретін осы және басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша өндірістерді қозғау (ӘҚБтК-нің 101-126-баптары) прокурордың айрықша құзыретіне жатады (ӘҚБтК-нің 805-бабы). Істерді сот қарайды.

Бірақ азаматтар өздерінің сайлау құқығы бұзылған жағдайда өз бетінше тікелей сотқа да жүгіне алады (ӘҚБтК-нің 807-бабының 1-бөлігінің 4-тармағы).

Бұл жағдайда аталған санаттағы істерді соттар бірден қарайды (прокурордың қаулысысыз), бірақ міндетті түрде прокурордың қатысуымен (сайлау құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың барлық құрамы бойынша: ӘҚБтК 101-126-баптары).

Әкімшілік жауаптылықпен қатар сайлау заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық та көзделген.

Ол сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі келтіруге қатысты (ҚК-нің 150-бабы – 100 АЕК айыппұлдан бастап, түзету жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді қоса алғанда, 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру).

Екінші құрам – сайлау құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу (ҚК-нің 151-бабы – 4 мың АЕК мөлшеріне дейін айыппұл салу не түзеу жұмыстары / немесе 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу).

Қазіргі уақытта сайлау науқаны құқықтық алаңда өтіп жатыр. Сайлау заңнамасын бұзу фактілері тіркелген жоқ.

Сайлау науқанын жүргізудің заңдылығын одан әрі қамтамасыз ету үшін прокурорлар мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ, сайлау комиссияларымен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Әрбір бұзушылық фактісі бойынша заңдарда көзделген барлық құқықтық шаралар қабылданатын болады.

Бауыржан МЫРЗАКЕРОВ,
Қарағанды облысының прокуроры
3-сыныпты мемлекеттік
әділет кеңесшісі



Маңызды міндет

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдағы Президент сайлауына қатысып, еркінді білдіру – азаматтардың негізгі конституциялық құқықтарының бірі. Яғни, еліміздегі еркін және ашық сайлау арқылы билік пен мемлекеттің құрылуының демократиялық принциптері жүзеге асырылады. Бұл, әлбетте, мемлекетті басқару процесіне және билік органдарының қабыптасуына тікелей әсер етуге мүмкіндік береді. Демек, жалпы республика ғана емес, өмірдің, аймақтың, тіпті, шағын ауылдың өзінің болашағы азаматтардың сайлауға қатысу не қатыспауына тікелей байланысты.

Президент сайлауы өтетін күнге де бір айдан аз уақыт қалды. Азаматтар Конституцияда көрсетілген сайлау құқығын тиісті жүзеге асырып, ел болашағын айқындау процесіне жауапкершілікпен қатысу үшін алдымен сайлау учаскесінде тіркелуі маңызды. Әдетте, бұл процесі жүзеге асыратын – уәкілетті орган.

Ал, сайлаушылар болса, сайлау тағайындалған сәттен, тиісті әкімдікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы. Ал, егер дәл сайлау күні белгіленген мекенжайға келу мүмкіндігі болмаса, сайлаушы өзі болатын жерде дауыс беру үшін жазбаша өтініш бере алады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, дауыс беру-ге жиырма күн қалғанда, әкімдік учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылар тізімін ұсынады. Ал, он бес күн қалғанда тізімде бар не жоғын тексере алады. Яғни, бұл да сайлаушыға берілген құқық.

– Сайлаушылар деректерінің тізімге енгізілгенін тексеруге құқылы. Ал, аты-жөні дұрыс енгізілмесе, немесе, ешқандай негізсіз тізімнен алынып тасталса да бұл сайлаушы құқығының бұзылғаны. Деректердің жансақ көрсетілуінің өзі дұрыс емес, – дейді облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Татьяна Баталова.

Деректерді түзету үшін сайлаушы сайлау учаскесіне жазбаша өтініш беріп, ол берілген күні қаралуы тиіс.

Сонымен қатар, тұрғындарға сайлау уақытында өзгелердің сайлау құқығын жүзеге асыруға болмаса сайлау комиссияларының жұмысына кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылғанын да айту керек. Мәселен, Қылмыстық кодекстің

150-бабында осындай жайттар орын алар болса, бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынатыны не сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылатыны туралы айтылған.

Ал, сайлау комиссияларының жұмысына кедергі келтіру немесе заңсыз араласу салдары төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзету жұмыстарына, болмаса, төрт жылға дейін бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп көрсетілген Қылмыстық кодекстің 151-бабында.

Жаза өз алдына, бұл бүтін бір сайлау учаскесінің еңбегін жоққа шығаруға алып келеді.

Мысалы, республикалық референдум өткізу кезеңінде қоғамдық бірлестік өкілі белгісіз адамның сайлау жәшігіне бірнеше бюллетень салған видеоны әлеуметтік желіге салып жіберген. Видео авторының айтуынша, жәшікке бірнеше бюллетень салған адам – учаскелік комиссия мүшелерінің бірі. Осы факт бойынша тексеру жүргізілген. Бірақ, аталған факт фейк болып шыққанына қарамастан, аталған сайлау учаскесінде републикалық референдум өткізу жарамсыз деп танылып, сайлау комиссиясының қызметі тоқтатылған. Жауапкершіліктің мұндай түрі елімізде алғаш рет осы кезде қолданылды. Мемлекет әр азаматқа мінез-құлық, өз құқығын білдіру еркіндігін бере отырып, азаматтық заңнамадан бастап, құқықтық заңнамаға дейінгі жауапкершілікті де жүктеген. Сондықтан, сайлауға барып таңдау жасау, әрі оны заңды жүзеге асыру өз еркімізде!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Natige печенье де пісіреді

Тілшілер тобы алдымен Natige компаниясының өндірістік алаңына барды. Компания сүт өнімдерімен әйгілі. Бүгінде өндіріс аясын кеңейтіп, «Нәтиже тәтті» ЖШС-не қарасты фабрика жұмысын жолға қойды. Фабрика Kurabie брендімен печенье шығарады.

Жаңа кәсіпорын директоры Сәуле Жанкина жергілікті өнім отандық нарықтағы шетелдік тауарды алмастыруға сеп болатынын айтады.

– Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан дүкендеріндегі тоқаш-печенье өнімінің 45 пайызы – шетелдік өндірушілерге тиесілі. Біздің өнім отандық үлесті ұлғайтуға ықпал етеді деген ойдамыз. «Даму» қоры арқылы 900 млн. теңге жеңілдетілген несие алдық. Қазіргі таңда өндірістің бірінші циклі жұмысын бастады. Тәулігіне 10 тонна печенье пісірілуде. Негізгі өндірістік қуаты – 20 тонна. Технологияны іске қосуда түрік әріптестеріміз көмек көрсетуде. Біздің мамандарды оқытып, үйретіп жатыр. Кәсіпорында 45 жұмыс орны ашылады, – дейді серіктестік директоры.

Фабриканың өндіріс алаңы – 1500 шаршы метр. Жобаға «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы арқылы қолдау көрсетілді. Еуропадан, Түркиядан жеткізілген заманауи, автоматтандырылған қондырғылармен жабдықталды. Печеньенің 8 түрі пісіріледі. Шетелдік өнімге қарағанда бағасы да едәуір төмен болмақ. Фабрика өнімі қараша соңында Астана, Қарағанды дүкендеріне шығарылады.

Protec өніміне сұраныс зор

Пришати́нскіде орналасқан «Азия – СМ» ЖШС Protec сауда белгісімен көліктерге арналған салқындатқыш сұйықтықтар, яғни, антифриз өндіреді. Компания директоры Дмитрий Боровоко́ның айтуынша, кәсіпорын өнімі халықаралық және салалық стандарттарға сәйкес келеді.

– Өндірісте әлемге әйгілі өндірушілердің

шикізаты пайдаланылады. Импорттық аналогтардан кем түспейтін өнім шығарамыз. Компанияда сынақ орталығы, дайын тауар мен шикізаттың сапасын тексеретін өндірістік зертхана бар. Protec салқындатқыштары қазақстандық көлік құрау зауыттарында, яғни, Hyundai, Kia жеңіл көліктерінде, Yutong автобустарында, жүк көліктерінде қолданылады. Тау-кен және мұнай-газ секторы өнім сапасын жоғары бағалады. Біз ISO 9001:2015 сапа менеджменті жүйесін енгіздік, – дейді кәсіпорын басшысы.

Зауыт «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында өндіріс қуатын арттырды. 100 млн. теңге несиені субсидиялау және кепілдендіру механизмін қолданды. Сәйкесінше, жылына 2300 тонна өнім өндіріп келген компания алдағы жылдары 15

мың тонна тауарды ұсынбақ. Және 300-ге жуық жұмыс орны ашылуы тиіс. Қазіргі уақытта компания тауарын Қарағанды, Астана, Өскемен, Алматы, Павлодар қалалары мен Өзбекстан, Ресей Федерациясындағы өндіріс ошақтары тұтынып отыр.

Қазақстанда жоқ құбырды шығармақ

«Даму» арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткізген кәсіпорындардың бірі – ҚазПласт» ЖШС. Полиэтилен бұйымдарын өндіруге маманданған компания 2011 жылдан бері жұмыс жасайды. Компания директоры Александр Иванов жақын уақытта елімізде жоқ құбыр өндірісін іске қосатынын жеткізді.

– Компания диаметрі 125-500 см бола-



Оңтүстік Корея, БАӘ және Еуропа елдерінен жеткізіледі.

Жаңа өндіріс «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы», сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында субсидиялау және кепілдік беруде қолдау тапты. Қазір зауытта елу шақты адам еңбек етеді. Жаңадан 30 адам жұмыспен қамтылады. Сәйкесінше, өндіріс қуаты бірнеше есе артып, 3 мың тоннадан 15 мың тоннаға дейін жетпек.

Аталған кәсіпкерлік нысандарындағы сапар барысында кәсіпкерлердің келешекке де ауқымды жоспар құрып отырғанына көз жеткіздік. Және бұл жоспарлар – «Даму» қорына тікелей қатысты. Бұған дейін филиал септесуімен мемлекетке арқа сүйеген бизнес өкілдері алдағы уақытта да жергілікті бөлімшенің көмегіне жүгінебек. Филиал басшылығы да аянып қалмайтынын жеткізді. «Қолдан келер бар көмекті көрсетеміз» дейді Өсет Тлемісов. Мемлекет пен бизнес арасындағы алтын көпірге айналған филиал қызметінің аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы зор екені сөзсіз.

Суреттерді түсірген

Александр МАРЧЕНКО



● МӘСЕЛЕ

Назым ДҮТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Депутаттың бұл мәлімдемесінен соң біз ел ішіндегі мемлекеттік тілдің ахуалы-на, нақты айтқанда өзге тілде білім беретін мектептердегі қазақ тілінің оқытылу жайы-на қайта бір үнілуді жөн көрдік.

Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қыз-метінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 3,7 млн. бала оқитын 7,6 мыңнан астам мек-теп жұмыс істейді. 4 мыңға жуық қазақ-ша білім беретін мектеп болса, 1 мыңнан астам орыс мектебі, 2 мыңнан аса аралас мектеп бар. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні орыс сыныптарында 1-4-сыныптарда – 12 сағат, 5-9-сыныптарда – 20 сағат, 10-11-сы-ныптарда 10 сағат оқытылады.

Бұл сағаттардың қазақ тілін үйрету-ге қаншалықты ықпал ететінін білу үшін Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қа-зақстан облыстары мен Алматы, Қараған-ды қалаларындағы орыс сыныптарына сабақ беретін мұғалімдерге хабарласып, мынадай сауалдар жолдадық.

– Балалардың сабаққа деген ынтасы қалай? Ауызша, жазбаша ойын толық, жүйелі жеткізе ала ма? Диктант жазған-да қандай бағаға жазады?

– Мектеп бітіргенде қазақ тілін қай деңгейде біліп шығады, күнделікті қар-ым-қатынаста сұрақ қойып, жауап бере ала ма?

– Қазақ тілін оқытуда қандай қиын-дықтар бар? Оқулықтардың тіл дамы-туға ықпалы бар ма?

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕГЕНМЕН,
ЖАЗУДА ҚАТЕ КӨП

Мейрамгүл Оразбайқызы, *Тал-дықорған қаласындағы №14 орта мек-теп-гимназиясының қазақ тілі мен әдеби-еті пәні мұғалімі:*

1. Балалардың ынтасы көп жағдайда мұғалімнің шеберлігіне, оқушылардың пәнге қызығушылығын оята білетін оқыту әдісіне байланысты. Қазақ тілі пәні орыс сыныбында оқитын балалар үшін негізгі болып есептелмейді, дегенмен 1-сынып-тан бастап оқытылатын пәнге оқушылар-дың ынтасы жоғары. Оқыту орыс тілінде жүретін сыныптардағы білім алушылар-дың көбі қазақ балалар, өзге ұлт өкілдері аз. Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқығылса да, көп бала үшін ол – ана тілі. Оқушылар ойын ауызша жеткізе алады, ал жазбаша тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де көп қате жібереді (сауатты жазуға үй-рету, ережелер, теорияны үйрету мәселесі бөлек жазылатын, айтылатын, көтерілетін мәселе. Оны балалардың Whatsapp-тағы СПС, КАК ДЕЛ, ПЖ, ЛП, т.с.с. жазбала-рынан байқау қиын емес). Жаңартылған бағдарлама бойынша тілді оқытуда бірінші орынға коммуникативтік дағдылар қой-ылған, бұрынғыдай диктант жазбайды.

2. Мектеп бітірген балалар қазақ тілін-де өзіне керегін сұрай алады, жауап бере алады. Осы тұста айта кететін қайт, бала-лар қазақ тілі мен орыс тілін жоқ тұрып, ағылшын тіліндегі сөздерді жиі қолданады.

3. Қазақ тілін оқытуда басқа пәндер-дегідей қиындықтар бар. Балалар кітап оқымайды, содан тілі шорқақ, қосым-ша ақпаратты өздігінен іздемейді. Ал, ең маңыздысы қоғамда қазақ тілінде сөйлеу еш жерде талап етілмейді.


Оқытуға барлық жағдай жасалған: оқулықтар жаңа, әдістемесі жаңартылған, педагогтер білім деңгейін арттыру курста-рынан жиі өтеді.

ТІЛДІ ҮЙРЕТЕТІН – ТІЛДІК ОРТА

Шолпан Сәметқызы, *Петропавл қал-асындағы Сәбит Мұқанов атындағы №32 орта мектептің мұғалімі:*

1. Балалардың сабаққа деген ынтасы өте жақсы деп айта алмаймын. 10-11-сы-ныптарға сабақ беремін, бұл сыныптағы оқушылардың жауапкершілігі мол, өз деңгейінде сөйлеу біледі. Бірақ 6,7,8-сы-ныптардың дәрісіне қатысып жүргенде олардың алған білімін өз дәрежесінде қол-дана алмайтынын байқадым. Орта буын-да оқушылардың жауапкершілігі азайып кететіні бар. Ал 9-11-сыныпқа барғанда есейіп, жауапкершілігі арта түседі. 9-сы-ныптар мемлекеттік емтихан тапсыру ке-рек болғасын, ауызша ойын жақсы жеткізе алады, жазбашаға аздап қиналады. Дик-тантты орта буын орта деңгейде жазады, жоғары сынып тәуір жазады. 10-11-сынып балалары Ресейге оқуға барсам қазақ тілін, Абайдың, Мағжанның өлеңін жатқа білуім керек деп айтып жүреді. Ал, орта буын-дағы балалар ондайды түсіне қоймайды.

2. Мектеп бітіргенде балалар қазақ тілін орта деңгейде біліп шығады. Олар-дың арасында қазақ тілінде сөйлегісі келіп, жаны қалап сөйлейтіндері бар, бірақ өте аз. Сөйлеу үшін тілдік орта болуы керек. Кез келген қоғамдық орында орыс тілі қолданылады. Тек қазақ тілін ғана емес, кез келген тілді үйрену үшін теориялық біліммен қатар, тілдік орта қажет. Біз қазақ мектебін бітірсек те, қоғамдық орта орыс тілінде қарым-қатынас жасаған соң тез үй-реніп кеттік.



Мектептегі мемлекеттік тіл: Мұғалімдер не дейді?..

Біраз уақыт бұрын Парламент Мәжілісінің депутаты Наталья Дементьева Ресейдегі ішінара мобили-зациядан кейін бас сауғалап, Қазақстанға үлере көшкен көрші елдің азаматтарына қатысты пікір білдір-ген еді. Бұқаралық ақпарат құралдарының бірқатары жариялаған пікірде депутат ханым: «Ресейліктер-ге айтарым, Қазақстанда қонақ екендеріңізді ұмытпаңыздар. Жергілікті халықтың өз дәстүрі, тұрмысы, ішкі жандүниесі бар, өзінің дүниеге деген көзқарасы бар. Біздің өз менталитетіміз бар. Олар біздің бұл құндылықтарымызға міндетті түрде құрметпен қарауы керек. Ресейліктердің дені транзитпен басқа мемлекеттерге кетеді. Ал, біздің елде қалғысы келгендерге айтарым, мемлекеттік тілді үйреніңдер. Егер қазақ жерінде қаламын десе, осыны қаперлерінде ұстасын. Өйткені, тілге құрмет – елге құрмет!» – деген.

түсініп, жауап беруге ынталы.

3. Қазақ тілін оқыту – машақаты мен қызығы аралас өте күрделі процесс. Біздің тіліміз әуезді, төл дыбыстарымызды ажы-рату қиын әрі оқушылардың көбінің орфо-эпиялық тұрғыда қиналатыны тағы бар. Қарапайым әріптерді дұрыс айтуды үйретудің өзі бірнеше сабақты қамтиды. Сол себепті, ұстаздың ерен еңбегі мен шәкірттің талпы-нысы бәрін жеңеді деп айта аламын.

Оқулықтың тіл дамытуға ықпалы ора-сан зор. Бала күнделікті суретке қарап әңгіме құрай отырып сөздік қорын молай-тады. Ережені жаттап отырып, тапсырма-ны өз бетінше орындайды. Жаңа сөздерді жаттап, мәтінді оқиды. Оқулықтың да, ко-сымша рекузиттің де тіл дамытуда алатын орны ерекше.

АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫ

Данияр Дидарұлы, *Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (орыс сыныбы):*

1. Мектепке келгенде барлық баланың оқуға ынтасы керемет болады. Дегенмен, әр баланың қабілеті мен қабылдауы әртүр-лі. Мұғалім олардың ерекшелігін ескеріп оқытуы керек деп санаймын. Бір сыныпта беске оқитын да, төртке, үшке оқитын да бала бар. Диктант жазғанда да қабілетіне қарай жазады.

2. Ауылдық жер болғасын мен сабақ бе-ретін балалардың шамамен 80%-ы қазақша жақсы біледі, сауатты жазады, 20%-ы қазақ тіліне шорқақтау, десе де өзі ойын қазақша анық жеткізе алады.

3. Қазақ тілі ғана емес, көптеген пән-нің оқулықтары баланың қарым-қабілетін ескермей жазылған. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес балалардың барлығы бірдей деңгейде сабақ оқуы керек. Көбіне осы жағынан қиындық туады. Оқулықтағы кей тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайтын оқушы да бар, мұғалімнің көмегінсіз орындайтын оқушы да бар.

Оқулықтың тіл дамытуда маңызы зор. Орыс сыныбында жаңа сөздер, көне сөз-дерді жазғызып, аударма жасатамыз. Бұл тапсырма қазақ сыныптары үшін қарапай-ым тапсырма болуы мүмкін, ал орыс сыны-бы үшін өте тиімді.

МҰҒАЛІМДЕР ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНА БАСТАДЫ

Ардақ Тілеуқабылқызы, *Қарағанды қаласындағы №15 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:*

1. Балалардың сабаққа ынтасы әрқалай, жақсы оқитын баланың ынтасы жақсы, ор-таша оқитын баланікі орташа. Ойын ауыз-ша, жазбаша жеткізу де баланың деңгейі-

не байланысты. Қазақ тілінде балалар екі топқа бөлінеді, бір топта 15 оқушы десек, оның бес-алтауы ойын жақсы жеткізеді. Оның өзі күнделікті тақырыпты меңгер-генін көрсету үшін ғана. Қазіргі талап бой-ынша диктант жазғызбаймыз. Бұрын дик-тант, шығарма жаздыратын кезде қатесіз жазуға көп мән беретінбіз. Қазір әссе жа-зады, онда грамматикалық қатеден бұрын, ойын анық жеткізгеніне мән береміз.

2. Мектеп бітіргенде қазақ тілінде ойын толық жеткізуді үйреніп шығатын бала аз, өйт-кені күнделікті казак тілінде сөйлемейді той. Мәселен, «дүкен» деген сабақта қарым-қаты-насқа керек сөздің барлығын үйіретеміз. Сы-ныпта бала барлық сөзді дұрыс айтқанымен, есіктен шыққасын ұмытылып қалады.

3. Қазақ тілін оқытуда қиындық бар деп біржақты айтуға болмайды. Оқулықтар-дағы кей мәтіндер жақсы, жатық, енді бір мәтіндердің тілі өте күрделі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні деп аталғанмен, әсіресе жоғары сыныптарға арналған оқулықтарда биотехнология, физика, аспан денелері, индустрия тақырыбында жазылған мәтін-дер бар. Бұл – жалпы білім алуға қажет болғанымен, тіл дамытуға көмектеспейді.

Кейінгі кезде Қарағанды қаласы білім баскармасының әдіскері қазақ тілі мен әде-биеті пәні мұғалімдеріне шет тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін үйрететін курстар өткізіп жүр. Оған қатысқан мұғалімдер үйренген әдіс-тәсілдердің тиімді екенін айтуда.

Материал дайындау барысында қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жыл-дық жалпы білім беретін мектептің әр сыныбына арналған оқулықтарды шолып шықтық. Бастауыш сынып оқулықта-рына – «Балалан», 5-7-сыныпқа – «Бәй-шешек», 8-9-сыныпқа – «Бәйтерек», 10-11-сынып оқушыларына «Тіл-Байрақ» деп айдар тағылған кітаптар бағамдай алған адамға ғалымдардың қажырлы ең-бегінен хабар береді. Ондай ауқымды істің аз уақытта жасылып бітпейтіні де анық.

Дегенмен, оқулықтардан қазақ тілін жетік білетін адамның өзіне ауыр күр-делі мәтіндерді, газеттен алынған сала-лық мақалаларды көзіміз иалды. Әдет-те қоғамның әр саласына қатысты кәсіби мәтіндер, жоғары оқу орнында, кәсіби шет тіліндегі дәрістерде кезде-седі. «Ал мектеп оқулығында мұндай қиын сөздермен жазылған мәтіндердің көп болуы пәнге деген қызығушылықты төмендетіп жібермей ме?» деген сау-ал көкейімізде қалғаны жасырын емес... «Бір жоқты бір жоқ табады» дегендей, бір мәселеге үңілу біраз сұраққа жауап берсе де, көп сауалға әкеп тіреді... Мәсе-леге үңілу бізден, ой тәю оқырманнан болсын...

● МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әдеп жөніндегі уәкілдің ролі

Мемлекеттік қызметшілердің қыз-меттік әдебі жөніндегі заңнаманы же-тілдіру мақсатында Қазақстан Респу-бликасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпанындағы №814 Жарлығымен Әдеп кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Жаңа кодекс қызмет этикасының стандарттарын тағайындайды және мем-қызметшілердің моральдық-адамгер-шілік қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаттары анықталған: адал ниет, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану.

Кодекстің жаңа редакциясында «кли-ентке бағдарланған» мемлекеттік аппа-ратты қалыптастыру бойынша басым талаптар қарастырылған.

Қазір қоғамда болып жатқан өзгері-стер мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа тәсілдердің қолға алынуын талап етеді, және оларды қолдану Жаңа Қа-зақстанды құру жолындағы негізгі фак-тор екені анық.

Барлық мемлекеттік қызметшілер жұмыс өтілі мен лауазым деңгейіне қа-рамастан Әдеп кодексінің талаптарына бағынуға міндетті. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің жұмыс үдерісінде туын-дауы мүмкін жағдайлар ескеріле отырып, олардың әдеп стандарттары реттелген.

«Ұлт жоспары – 100 қадам» аясын-да мемлекеттік қызмет жүйесіне әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемле-кеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзудың профилактикасын қамтамасыз ету қыз-метін жүзеге асыратын, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қыз-метшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкілдің дербес ла-уазымы аумақтық бөлімшелері немесе ведомстволарының аумақтық бөлімше-лері, шет елде мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда), сондай-ақ, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана әкім-дерінің аппараттарында енгізіледі.

Аумақтық бөлімшелері немесе ве-домстволарының аумақтық бөлімшелері жоқ мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік ор-гандарды, сондай-ақ, Қазақстан Респу-бликасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда), орталық мемлекеттік ор-гандардың ведомстволарында және ау-мақтық бөлімшелерінде, орталық ме-лекеттік органдар ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде, шет елдегі мекемелерде, тексеру комиссияларында, облыстық маңызы бар қалалар, аудан-дар, қалалардағы аудандар әкімдерінің аппараттарында әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары осы мемлекеттік органдар-дың қызметшілеріне жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары басшылық қызмет атқаратын, сондай-ақ, ұжымда қадірлі және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығы негізді күмен тудыратын, лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғатын мән-жайлар (мүдделер қақтығысы) болған кезде әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негіз-де жүзеге асырады.

Әдеп жөніндегі уәкіл өзінің функция-ларына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды олардың өтініші бойын-ша немесе баршаға көрінетіндей жерде орналастырылған кестеге сәйкес айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асы-рады.

Қажет болған жағдайда, азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әң-гімелесу телефону арқылы не тиісті ақпа-рат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникация құралдарын пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

Қызметкерлер мен азаматтар пробле-малық мәселелерді шешу, бірге қызмет істейтін әріптестерімен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін әдеп жөніндегі уәкілге жүгіне алады. Мемле-кеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілеу және олардың сақталуын жүйелі бақылау, мемлекеттік қызметтегі қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама-ны, қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырады.

З.АБСАДИРОВА,
Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің әдеп жөніндегі уәкілі



Қазақ халқы азаттығын үш ғасырдан астам уақыт күтті. Осы жолда отаршылдық жүйеге қарсы азаттық күрестің бірнеше кезеңінен өтті. XX ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан Алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңін бастады. Бұл кезеңдегі күрестің бағыты басқа еді, қарумен емес білім-ғылым жолы саяси сананы ояту арқылы егемендікке қол жеткізу бағыты мақсат болды. Алаш зиялыларының арманы 1990 жылы 25 қаңда «Мемлекеттің егемендігі туралы декларация» қабылданған күннен бастап орындалды дейміз. Егемендік үшін күрес жолында өмірінің соңына дейін қызмет еткен тұлғалардың бірі – Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлының тұлға, көшбасшы, рухани көсем ретіндегі өмір жолы туралы алғашқы зерттеулер 1923 жылы оның 50 жаса толуына байланысты жазылды. Сондай еңбектің бірі Мұхтар Әуезовтің «Ақаның елу жылдық тойы» атты мақаласы «Ақ жол» журналында жарияланды. Осы мақаладағы: «...Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түргелен аян тілі, Ақаң салған әдебиеттің елімдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қанықпаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнерінің саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ тарих ұмытпайтын істер болатын...» – дегені А.Байтұрсынұлының тарихи рөлін жоғары бағалаған алғашқы еңбек.

Совнарларыннын төртасы былып турган кезде Сәкен Сейфуллин 1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда Свердлов атындағы театр үйінде Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арналған жиналыста: «... Қазақ халкын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртыт, арын бірге жоқтады... Өзге оқыған мырзалар шен із деп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, үйкімбасқан қалын қазактың ұлт-намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», – деп, онын ағартушы, устакдык, әдебиетші қызметіне баға беріп, «А.Байтұрсынұлындай ұлт жанашырларын көзі тірісінде бағалай білуіміз керек» деген қорытынды жасады. Осы мақаласын 1923 жылы 30 қаңтар күні «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаган. Сондықтан, Сәкен Сейфуллинді ахметтанудың негізін салушыларын бірі деп санаймыз.

А.Байтұрсынұлының тарихи тұлғасы туралы академик, тарихшы Манаш Қозыбаев былай деген: «Қазақ халқы «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолыннан» қалмауын ойлаған, «ұлттық құртқару майданының» сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессанстың бастауы Ахмет Байтұрсынов планетарлық ойшылдар қатарынан орын алары даусыз».

А.Байтұрсынұлының тарихи тұлға, рухани көсем ретінде қалыптасуын, XX ғасыр басындағы азаттық үшін күресін шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Қазақ еліндегі 1905 жылы «Қарқаралы петициясын» жазып, дайындалуы азаттық үшін күрестің алғашқы кезеңі болды. Азаттық қозғалыстың алғашқы манифесі «Қарқаралы петициясы» еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең жоғарғы билік орындарына қазақ халқының құқығын қорғаған алғашқы құжат еді.

Азаттық қозғалыстың екінші кезеңінде 1913 жылы «Қазақ» газетін шығару арқылы төуелсідікке жету түшін күресудің әр түрлі жолдарын насихаттаудан басталды. Ахмет Байтұрсынұлының «...Жұрттың білімді, пікірлі көргені көп, көсемдері оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп – жол көрсетіп, жөн сілтеп бақылағы етіп тұрады» деген тұжырымдамасылық идеясы қазақ арасында саяси сананы ояутын мектебі болғаны даусыз.

Оның рухани көсемдік рөлі азаттық күресінің үшінші кезеңінде 1917-1920 жылдары Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылу кезіндегі азаттық, егемендік ел болу жолында атқарған қызметінен айқын көрінеді.

А.Байгүрсінұлы ұлттық мүдде үшін күрескен тұлға. Оның пікірінше ұлттық мүдде дегеніміз ұлттың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктер. Еңбек-

терінің барлығы осы мағынада жазылған. Тәуелсіз ел болу жолындағы оның ұстанымдары, аюутің Қазақстан Республикасының жандауында жайдайындағы жастарға ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру, кәсіби шеберлікті жетілдіру, біліктілікті арттыру, ақпараттық инновациялық технологияны меңгеру, бәсекеге қабілетті ел болып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіру сияқты стратегиясымен үндесіп жатыр.

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясында бәсекеге қабілеттілікті арттыру басты мәселе деп көрсетілсе, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл мәселені ХХ ғасырдың басында-ақ тұжырымдап, болашақта жетістіктерге жету үшін ұлттық мүддені сақтау туралы ой-пікірлері «Білім жарысы» атты мақаласында берілген: «...Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бөйгеге түсе алатындардың білімділері, зейінділері қатыса алады... Білімді жұрттардың білім жарысына келсе, оның мағынасы да, көзделген мақсаты да басқа... Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығына азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарылатын жәрселер... Осыған ақылғы жетіп, есің енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыратуы тиырасы. Асыру үшін әртүрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы...» деп көрсеткен.

А. Байтұрсынұлының азаттық жолындағы күрестің рухани көсемі ретіндегі рөлін «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын дайындаудан да көруге болады. Ол «Алаш» бағдарламасының таптық емес, ұлттық мүдде турғысынан, реформаторлық рухта жазылғанына ықпал етті. Сонымен қатар, бағдарламаның мазмұны қазақ елінің сол кездегі геосаяси, демографиялық жағдайына ескеріп, дайындалды. Сондықтан, бұл бағдарлама қырғыз, башқұрт, түрік елдерінде жандан құрыла бастаған саяси партияларына да бұлай деп айтуға болады.

Кеңес үкіметі кезінде қазақ революциялық комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқара жүріп, Қазақ автономиясының құрамына барлық қазақ жерін жинауға еңбегі ерекше деп санаймыз. Сол кезеңде Чельові губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін қазақ өлкесіне қайтару үшін М.Сералиммен бірге В.Ленинге айналыс хат жазып, Советтердің бүкілодақтық атқару комитетінде, РКП (б) Орталық Комитетінде арнайы талқыландудың нәтижесінде 1920 жылы 26 тамызда Қостанай уезі Қазақ автономиясының Торғай облысының құрамына енгізілді. Соның нәтижесінде, бүгінгі төуелсіз Қазақстанның шекарасы дер кезінде құқықтық тұрғыдан бекітілді.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы ұлы тарихи тұлға және XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалыстың рухани көсемі болғандығын айтқымыз келеді. Ұлт ұстазы деген атаққа көзіңді тірсіңде ие болғаны және оның арқасын жұмыстары бүгінге жеткен рухани маңызы оның азаттық қозғалыстың рухани көсемі болып, мәңгі қалатындығын дәлелдейді. Оның тарихи маңызы терең еңбектері өз халқының ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігі болып саналады. Ұлт ұстазының негізгі өсінісін бірі – рудын намысы емес, ұлттың намысы үшін басқалардан кемшілік көрмей, әлемдік деңгейдегі ұлттық мемлекет болу үшін қызмет жасау деген ұстанымы – бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік қызметінде жүрген саяси тұлғаларына жол картасы есіптес.

Нұрсахан БЕЙСЕНБЕКОВА,
ұлт ұстазына арналған грант иегері
ҚАРАҒАНДЫ



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осынау дүбірлі тойға арналған іс-шаралар алдын ала басталып, апта бойы жалғасты. Атап айтқанда, 16 қазанда Абай қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілсе, 17 қазанда Дубовка селосында тұрғын үйдің бос тұрған подьезіндегі қалпына келтірілген 9 пәтердің кілті әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына табыс етілді. Сол сияқты осы селода тағы да екі жағымды оқиға болды. Соның бірі селолық өкімдіктің жаңа ғимараты ашылды. Бұл қайта жаңғыртылған



Теміртаулықтар марапатталды

Республика күні қарсаңында теміртаулықтарды қала әкімі Ораз Тәуірбеков құттықтап, бірқатар қала тұрғындарына облыс әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасын табыстады. Мерекелік шараға Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Теміртау қаласының Құрметті азаматы Тоқтар Әубәкіров арнайы шақырылып, мерекелік кештің құрметті қонағы болды.

Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Каланың қоғамдық-саяси өмірі белсенді қатысқаны үшін «ссылка на Митта/Теміртау» АҚ бас директоры Биджу Наир қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыстың қоғамдық-саяси өміріне қатысқаны үшін Теміртау мәдениет сарайының «Калинин» ансамблінің жетекшісі Юрий Николаевич, Теміртау мәдениет сарайының «Красная гвоздика» халық ансамблері хорының жетекшісі Ольга Федина облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, облысты еңбегі және қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін біршама қала тұрғынына қала әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

— Сіздермен үлкен мерекені карсы-
лып отырғанға маунаштымын. Біз-
дің ұлттық мемлекетіміз. Теміртау қа-
сында да бірнеше үкіл өкілі тұрады.
Сымыздан қандай күн өтсе де бір-
неше астында тату-тәтті күн кешіп
тымыз. Бір нанды бөліп жеп жүрміз.
Бізден әрі де достығымыз аяқармай,
өмір сүреміз деген сенімдемін.
Біздің жұдырықтай жұмылып, ел-
шіміз қолымыздан келгенін аянбайық,
біздің ертені үшін еңбек етейік.

Бізден қалған мұра
келешек ұрпаққа қа-
лады, – деді Тоқтар
Оңғарбайұлы.

Жыл басында қалада мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар мен қоғам қайраткерлеріне арналған әлеуметтік жобалар жәрмеңкесі жарияланған еді. Байқау азаматтық бастамаларды қолдап, қоғамдағы өзекті әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешіп, қоғамдық ұйымдар мен бастамашыл топтардың әлеуетін арттыру мақсатында өткізілген. Мереке қарсаңында жоба жеңімпаздары анықталып, бірнеше аталым бойынша 1 млн. теңге көлемінде сертификат табысталды.

«Инклизивті білім беру» аталымында Алия Баймуразина, «Жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту» бағытында Айжан Кенжебаева, «Жастар үшін қолайлы орта құру арқылы жастар инфрақұрылымын дамыту» аталымында Евгений Фомичев, «Ардагерлер ұйымдарын қолдау» бағытында Валентина Аносова, «Бұқаралық спортты дамыту» номинациясында Арайлым Тілеу-



жерде қалай ойнайды» деп ойлайтынмын. Ойын баласын мұндай сұрақтар қызықтырмайды. Ала, ана-аналары үйінде алаңдап отырады. Кейінірек «ауламызды неге абағандырмасқа?» деген ой келді. Қолымнан келгенше балаларға қолайлы орта құрдım. Әрине, бұған көшілерімнің де тігізген көмегі көп. Биыл осы байқау жайлы ақпаратты әлеуметтік желіден көріп, қатысуды шештім. Тосқандай байқаулар жиі өткізілсе керек. Осы оларды жүзеге асыруға әдейі ықпал етер еді, – деді қала тұрғыны.

TEMIPTAY

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫ

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің 2022 жылдың 13 қазан №114 (23 144) басылымында жарық көрген жергілікті жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Өмір Кәріптің «Көшпелерінің аты көрінбейтін кент» атты мақаласына төмендегідей жауап беріледі.

Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш өз орнына қойылмаған деген жазушы ойына, спорт мектебі мен балабақша мекемелерінің арасы ашық алаң болғандықтан және жасөспірім балаларға өткен тарихты насихаттау мақсатында қуғын-сүргін құрбандарына арналған өзіндік идеялық мазмұны бар ескерткіштің қазіргі тұрған жері комиссия шешімімен лайықты орын



деп танылып, Ақадырдың 80 жылдығында, яғни 2017 жылы ашылған болатын. Бүгінгі таңда ол жерде 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қаралы митинг өтіп, онда зұлмат жыл-

Ақсақалдың айтқанын ескереміз...

дары көз жұмған қазақ зиялылары еске алынып, Құран бағышталады.

Кенттегі Клубная көшесіне аудандық мәслихаттың 07.07.2005 жылғы №18/262 шешіміне сәйкес аудандық атқару комитетінің хатшысы И.Колбасиннің аты беріліп, қайта аталған болатын. Алайда, аталған көше бойлау ойын алаңын кент әкімдігі емес, 2017 жылы демеушілік негізінде «Электржабықтық» ЖШС директоры Амандық Серіков кенттің 80 жылдығына орай салып беріп көше бөлашарын қуантқан болатын. Аталған көшені жазушы жазғандай жоғары талапқа сай абааттандығы, түлмен көмеріп отырған сол көшенің тұрғындары. Кент әкімдігі кенттегі барлық 61 көшеге бірдей қарайды. Алай-

да, көшенің жағдайы (тазалығы, қоршаулардың сырлануы, талдарының әктелуі және т.б.) көбіне көше тұрғындарына да байланысты.

Ақадяр кентіндегі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Өмір Көрпін ақсақалдың үшінші көтерген мәселесі көшелерге аңшлагтар қою бойынша 2017 жылы кент әкімінің шешімі негізінде кенттегі идеологиялық тұрғыдан ескірген 23 көше атауы қайта атылып, барлығына қазақша атау берілген болатын. Барлық 23 көше Әділет департаментінде тіркелді. Осы жылы тағы да екі басқа ұлт өкілдерінің атымен аталған көшелер Таныбай батыр және М.Аманжол көшелері болып қайта аталды. Аталған екі көшенің ұрпақтары сол көшелерді барлық

үйлерге жаңадан анышлатты өз демеушілік-термен жасап ілген болатын. Казіргі таңда ауданда бюджеттік өтінім берілді. Жыл соңына дейін үнемделген қаржы анықталып, кенттегі 9 көшенің атаулары жаңартылып ілінетін болады. Ақсақал атап өткен белгілі тұлғалар есімі берілген көшелерге анышлар ілу бірінші кезекке қойылды. Көше атауы жазылған тақтайша ілу азғантай, кей ішінде шеше салатын жұмыс секілді көрінгенімен қазіргі талапқа сай жасатып, ілу үшін алдымен қаражат, сосын мемлекеттік сатып алу арқылы ойнатып, кейін жеңімпазы анықталған сон тілгі жұмыстар жасалатынын айтқымыз келеді.

Ақадыр кентінің әкімдігі

• ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Сарыарқаның Қарлығашы

«Өмірді үйретіңдер оған енді, Өмірді үйреніңдер енді содан...» деп жырлапты Есенғали Раушанов. Байқасақ, өлең 20 жастың ар жақ бер жағында туған. Іштей риза боласын... Есенғали ақын қалай деп айтқан?! Осы екі жол өлеңі арқылы өзінің қарым-қабілетін, алысқа бара алатын арынын байқатты. «Жаспын» деп жалтақтамады. Қажет болса, өмір сүруді үйретуге шамасы келетінін ескертті. Және осы биігінен өле-өлгенше төмендемеді. «Өмір сүру» дегенді өлеңге қатысты айтқанына шүбә жоқ. Мұны не үшін еске алып отырмыз? Поэзияның құдіретіне таңдай қақпасақ амал жоқ. Сөйтсек, Есенғали шайыр жастайынан-ақ, жауапкершілікті мойнына алып, маңайына нұр шашып, өз ісіне адалдық таныта алатын жандарды да мензеген екен ғой. Иә, өзі жас бола тұра өмірдің қыр-сырын үйрене де, үйрете де білетін жастар болады. Солардың бірі хәм бірегейі – отандық медицинаның ардагері, бүгін, яғни, 29 қазанда мерейлі 80 жасқа толған, Арқаның аулы қызы Қарлығаш Аманбайқызы Медеубаева.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарлығаш Медеубаева – 1942 жылы 29 қазанда Қарқаралы ауданы Нұркен (бұрынғы Жарлы кеңшары) ауылында туған. 1950-1960 жылдар аралығында Қарқаралыдағы №1 қазақ орта мектебін бітірген соң, Қарағанды мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Орыс тілінің дәурені жүріп тұрған кез. Жоғары оқу орындарында қазіргідей қазақша білім алу, мемлекеттік тілді талап ету деген дүние жоқтың қасы. Оның үстіне медицина институты толық орыс тілінде білім береді. Ауылда мектеп бітіріп, қазақы ортадан шыққан кейіпкеріміз орысшадан қиындық көрсе де, қанындағы қайсарлығы мен оқуға деген ынта-сының арқасында ортаға тез сіңіп, орыс тілін меңгеріп алады. Жаксы достар тауып, арасында абыройлы студент атанады. Әсіресе, Эльза есімді кәріс қызымен жақын дос. Ол қазір Мәскеуде тұрса да, телефонмен хабарласып жүреді. Арқа жеріне келсе, міндетті түрде Қарлығаш Аманбайқызын іздеп келеді. Бұл да достыққа адалдықтың белгісі.

Осылай арманға толы күндер зуылдап өтіп жатты. VI курста оқып жүргенде группаласы әрі замандасы, өзі сияқты дәрігер болуды армандап, сол жолда талпынып, тер төгіп жүрген Ғабдылғазиз Жақыпов ағамызбен тұрмыс құрады. Махаббат хикаясы сәтті басталып, оқуын да үздік аяқтап, акушер-гинеколог мамандығын алып шығады. Екі ғашық қол ұстасып келіп, туған жері қасиетті Қарқаралыдағы Бакты совхозына дәрігер болып орналасады. Жас мамандарға да талап күшті, заң қатал. Оның үстіне дәрігердің жұмысы адам өміріне араша түсу, өз басынды қатерге тігумен бірдей. Осындай жауапкершілігі мол жұмысты аз уақыт ішінде меңгеріп, табандылығының арқасында кезіккен бар қиындықты жеңіп, елдің сенімін ақтай білді. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» демекші, жергілікті халық оларды сыйлап, құрмет тұтды. Сол уақытта совхозды басқарған Ыбырай Әбілов жас дәрігерлер отбасына қолдау көрсетіп, көмегін аямайды. Бұл ауруханада жедел жәрдем көлігі болмағандықтан, совхоздың бір көлігін бекітіп береді. Қиналған жағдайда астындағы өз көлігін де беріп, көмектеседі. Өйткені, ол кезде ауылда жеңіл көлік бірен-саран болған.

– Қарлығаш Аманбайқызы Ғазиз Жақыпов екеуі талай сәбиді дүниеге әкелді, солардың кіндік шешесі атандым. Ол кездегі ауыл дәрігерлері тек акушер болмайды ғой. Терапевт, педиатр, стоматологтың да қызметін атқара беретін-ді. Қарлығаш Аманбайқызы солай бірнеше адамның жұмысын атқарған еңбеккер жан. Нағыз жоғары білімді деген атқа лайық тұлға. Өмірлік жолдасы Ғазиз Оспанов Бакты совхозының учаскелік аурухананың бас дәрігері болды. Екеуі бірігіп, бәрін атқарды. Ірі совхоздың денсаулық

саласына жауапты болды. Қазіргідей жедел жәрдем көлігі жоқ. Бары жүк көлігі ғана. Сонымен жүріп, қыстақтарды аралап, көмек жасайтын. Тұрғындарға, балаларға екпе жасайды. Қызылша, құрт аурулары жиі кездесетін. Соның алдын алу үшін күні-түні тынбай еңбек етті. Малшылар мен шопандардың да денсаулығына жауапты болды. Ауылдар, қыстақтар, бөлімшелер дүрілдеп жұмыс істеп тұрған кез. Бакты совхозы Қарқаралыдан 70 шақырым жерде болса, қыстақтар мен бөлімшелер одан әрі кететін. Қажет болса, ат-шана, ат-арбамен де барып көмек көрсетіп жүрді. Қыста қалың қарда көлік жүрмейді. Бірақ, медициналық көмек ауадай қажет. Осыны жанымен түсініп, табылған көлікпен таңдамай кете баратын-ды. Денсаулық сақтау саласына еңбегі сіңген жандар. Қарқаралыға қызметі ауысқанда да өз ісіне адалдықтан бір сәт таңған емес. Адамгершілікті бірінші орынға қойып, елдің денсаулығын ойлаған жандар. Екеуімен де өмірде жақсы араластық, сыйластық. Бірге қызмет еттік. Қазір бір қызы Қарқаралыда жаңадан ашылған ауруханада дәрігер болып жұмыс істейді. 4 қызын құтты ұясына қондырды. Немере-шөбере сүйіп отыр, – дейді Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген денсаулық сақтау қызметкері Тұрсын Сламбекова.

Жас кезімде дәрігерлердің жазуының түсініксіздігіне таң қалатынмын. Қазір ойлап отырсақ, түрлі науқасты көріп, қиын операцияларға қатысып, әбден еті өлген ақ халатты абзал жандардың жұмысының қаншалықты салмақты екенін аңғарамын. Сондықтан да, әдемілеп жазып отыратын уақыт жоқ. Әр минут оларға адам жанына араша түсуге мүмкіндік болуы мүмкін. Әсіресе, баланың өмірге келуіне себепші болатын Қарлығаш Аманбайқызы сынды акушерлердің жұмысы шындығында үлкен махаббат пен жанкештілікті талап етеді...

«Ауылдағы атақты шопан, Ленин орденінің иегері Қасейін ақсақал баласына су жаңа «Волга» әпереді. Мұны үкімет Қасейін ақсақалдың ерен еңбегін бағалап, тарту еткен. Осы волганың қызығын біз көрдік. Қиналғанда Ыдырыс деген баласына барамыз. Ол өзі поштада істейді. «Сендер

бір жүргізуші тауып алындар да, көлікті пайдалана беріңдер» дейді. Сөйтіп, осы көлікпен көптеген науқастың аман қалуына себепші болып едік» деп еске алады Ғазиз аға.

Совхоздың жұмысшылар кәсіподағының төрағасы Қажымұқан Құсайынов, селолық совет төрағасы Сағынбай Жабди-ков, парторг Сейітқазы Іргебаев, ауыл азаматтары Кәріп, Аманжол, Максұт, Батай, Амантай, Құрмаш, Қажыкен, Әбікендер тарапынан да қолдау тауып, дәрігерлер отбасының ісі сәтті болды. Барын салып, аянбай қызмет еткендіктен де, халықтың сый-құрметіне ие болған. Жұмыс істеген жылдары мұнда ана өлімі тіркелмей, малшы, қойшылар ауылдың өзінде емделіп, сауығыпты. Өйткені, оларға профилактикалық шаралар кеңінен қолданылған. Бұл – Қарлығаш Аманбайқызы мен жары Ғазиз Жақыповтың тәжірибесінің арқасы.

Екеуі еңбек жолын ауыл емханасында бастап, күндіз-түні еңбек етіп, Қарқаралы өңіріндегі аналардың Қарлығаш Аманбайқызы қорғаушысы, қолдаушысы, пірі болды десек артық емес.

Әр дәуірдің өз проблемасы бар. Соның бірі – медбикелер тапшылығы. Осы қиындықтан жол табу үшін ауданда қызыл крест қоғамы арқылы орта білімді 5-6 медбикені алып келіп, қысқа уақыт ішінде тәрбиелеп үйретеді. Бір-екі жылдан соң олар тәжірибелі маман болып қалыптасты. Мейірбикелер Шайза, Сакан, Ләззат, Айту, Токбала денсаулық сақтау саласының түрлі бағытына бейімделіп, білікті көмекші бола білген. Қиын жағдайда уақытпен санаспай, жетекшілерінің қасынан табылды. Осындай өз ісіне берілген азаматтар мен азаматшалардың арқасында аурухана алдыңғы қатарда болды. Тіпті, 1971 жылы аурухана Денсаулық сақтау министрінің мақтау грамотасымен марапаттады. Қарлығаш Аманбайқызын жергілікті Советке депутат етіп сайлап, В.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай медальмен марапаттайды. Мұның өзі адал еңбектің әділ бағалануы.

«Бірде, алыс қыстақтан аяғы ауыр әйелді әкелді. Ішінен құлын теуіп, қан кетіп жатыр. Жылдам әрекет етіп, бар мүмкіндікті пай-



даланып, науқасқа медициналық көмек көрсеттік. Мұндайда түрлі тәсіл қолданылады. Соның бірі – іштегі артерияны тауып, жұдырықпен басып, қан кетуін бәсеңдету. Арасында уақыт тауып, облыспен хабарласып, жедел авиация шақырды. Облыстан бригада көмекке келіп, қан құйып, науқасты Қарағандыға алып кетті. Біраз уақыт өткен соң науқас аман-есен отбасына оралды» деп қиындыққа толы күндерді еске алады кейіпкеріміз.

Ол кезде қазіргідей техниканың түр-түрі жоқ. Мұндай күрделі жағдай жиі болмаса да, кездесіп тұрады. Ең бастысы, дұрыс тактика мен дұрыс шешімді уақыттыла қабылдай білу керек. Кейде осындай жедел жағдайда бала-шаға ұмыт қалғанын, жұмыс аяқталған соң, балаларын тәрбиешілердің үйінен іздеп тауып алғанын да таң қала еске алады өздері. Бұны өз ісіне адалдық демей көріңіз. Қызметпен бірге, қоғам жұмысына да белсенді араласып, ауылда көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, ән айтып, аудандық, облыстық жарыстарға қатысуға да уақыт тапқан. Жақсылыққа, ізгілікке жаны құштар жандардың әр ісі осындай үлгі-өнегеге толы. Ардагер ұстаз Әбікен Әбдіхалықов: «Ғазиз бен Қарлығаш осы ауылға құт әкелді» деп ағынан жарылып, еңбегін бағалауы – нағыз маманның қадіріне жеткендігі. Қазақта «Балуанға оң-солы бірдей» деген сөз бар. Осы сөздің ақиқат екенін елге қызмет ете жүріп, бала-шаға тәрбиелеп, өнерге де уақыт таба білген Қарлығаш Аманбайқызының өмірінен көреміз.

Осындай қалың елдің ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленген кейіпкерлеріміз 1974 жылы Қарқаралы ауданы ор-

талығына ауысады. Қарлығаш Аманбайқызы өз мамандығы бойынша, гинеколог болып орналасады. Алматыда, Қазанда білімін көтеріп, біліктілігін арттырып, Бірінші санатты акушер-гинеколог атағын да қорғайды. Бұл жерде де дәрігерлік қызмет оңай болмаған. Қызмет жоғарылаған сайын оның жауапкершілігі де арта түсетінін ұмытпаған жөн. Бұл ортада олар білікті дәрігерлер Мәжит Оспанов, Көмен Қалиұлы, Раиса Жасымбекова, Зұлкия Аленова, Магира Райымбекова, Әния Нұрмағамбетова, Рысты Ибраева, Жеңісқали Құспанов, Мәулен Мусин, Бек Бейсенаев, білікті басшылар Жақан Төлеутаев, Мая Абдуғалиева, Совет Нұрмағанбетовтермен бірге иық тіресе қызмет етті.

«Аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға жақсара берді. Жаңа типтік аурухана қолданысқа берілді. Жансақтау бөлімі ашылды. Ауданда жылжымалы амбулатория малшы-қойшыларды аралап, ем-дом, профилактикалық шаралар жүзеге асырылды. Сонымен қатар, ауруханада қан жинайтын бөлім ашылып, мұның бәрі біздің қызметіміздің жеңілдеуіне оң әсер етті. Қарқаралы ауданының аумағы кең, 15 совхоз бар. Бірде алыста жатқан Ынталы совхозынан шақыру түсті. Босана алмай қиналған әйел. Алыс жолға сенімді жүргізуші Марат Абеуов әрқашан дайын. Үшүеміз түнделетіп жолға шықтық. Әйел босанған соң серігі түспей қалып, көп қан кетті. Жөпелдемеде қан табу да оңай емес. Қиналғанын көріп, Марат бірден қан беруге кірісті. Қанды тікелей «прямое переливание» жасап, әйелді аман алып қалдық. Маратқа ерлігі мен жылдам шешім қабылдап азаматтық танытқаны үшін Алғыс жарияланды. Алла Тағала адамды өте төзімді етіп жаратқан ғой. Әйтпегенде, қан берген Марат кейіпкеріміздің де жағдайы нашарлап қалуы мүмкін еді. Жаратушы Иеміз адам организмін қан берген соң да, өздігінен қан көлемін көбейтіп, қайта қалпына келетін етіп жаратқан ғой, шіркін...» деп еске алады Қарлығаш Аманбайқызы.

Мына сөзден кейін Қарлығаш Аманбайқызы мен жары Ғазиз Жақыповтың мамандығына адалдығымен қатар басын бөйгеге тіге білген ерлігін байқадық. Өйткені, ем-дом сәтсіз болса, адам өміріне қауіп төнуі де мүмкін. Заң қатал. Осының барлығын біле тұра тікелей қан құйып, тәуекелге бару – үлкен ерлік. Осының бәрі үйдегі тәрбиенің, институттағы сапалы

білімнің және туған жерге тарта туған тектіліктің арқасы.

Қолда бар дерекке сүйенсек, кейіпкеріміздің өмірінде мұндай эпизодтар көп. Дұрыс шешім мен тиімді әділ-тәсіл көп адамның өмірін сақтап қалған. Қарлығаш анамыздың қажырлы еңбегі елесіз қалмаған. 40 жылға жуық уақыт адам жанының арашашысы атанып, анамыз қаншама сәбидің дүниеге аман-есен келуіне себепкер болып, қиналған аналардың қасынан табылып, көмегін аямаған. Ұзақ жылғы еңбегі лайықты бағаланып, анамыз 1970 жылы «Лениннің жүз жылдығы» медалімен, 1980 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау үздігі» (№29311) төсбелгісімен, 1990 жылы «Еңбек ардагері» (№3-19) медалімен, Денсаулық сақтау департаментінің марапаттау қағаздарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

2012 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының энциклопедиясына еңсе, 2013 жылы «Отбасы – мемлекет тірегі» атты облыстық фестивалде дипломмен марапатталып, сый-құрметке ие болған. 2018 жылы Алматыда өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты сайыста лауреат атанады. Осындай ер тұлғалы әйел бейнесі тек қазақ әйелінің, тек қазақ анасының бойындағы дара қасиет. «Қарлығаштың қанатымен су сепкен», – деген аталы сөз осындай адал еңбек етудің асқан үлгісін көрсетіп, адамгершіліктің ең биік шыңына шыққан жандарға айтылса керек-ті.

Кейіпкеріміз төрт бала тәрбиелеп өсіріп, олардан 12 немере, үш шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Ақ жаулықты ана, ардақты әже. Зейнетке шыққаннан кейін Қарқаралыда құрылған «Қайран жастық» ардагерлер хорына қатысып, ән шыққайды. Ғазиз ағамыз бен Қарлығаш анамызды «Қарқаралының Төлегені мен Қыз Жібегі» деп атады.

2013 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударып, Кеншілер мәдениет сарайының жанынан тұңғыш құрылған «Көзкөргендер» ардагерлер хорына қатысып, онда да әуелете ән шыққайды. Кейіпкерлеріміз сонау 1970 жылдары құрылған «Салтанат» ән-би ансамблінің іргетасын қалауға аталысқанын атап өткен жөн. 2013 жылы «Медицина саласының үлгілі отбасы» номинациясын жеңіп алады. Бүгінде отбасы құрып, отау тіккендеріне 55 жылдан асып барады. Бала-шаға, немере-шөберенің тілеуін тілеп, қызығына батып, қазыналы қарттықтың мәуелі бағын рахаттана саялап отырған жайы бар.

Баланың өмірге келуіне себепші болған жанның алақанынан күнәсі төгіліп, орнына молынан сауап жазылады дейді әпсана. Кейіпкеріміз Қарлығаш Аманбайқызының адалдық пен еңбеккерлік, адамгершілік пен әділдік салтанат құрған берекелі-мерекелі өміріне қарап, осы аңыздың ақиқатқа айналғанына тағы бір рет көз жеткіздік.

Ендеше, адал еңбегі мен адамгершілік дейтін ұлы мұрат жолындағы күрескер жан, еліне елеулі, халқына қалаулы бола білген кейіпкерімізді мерейлі 80 жасқа толуымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, амандық, саулық тілейміз. Сезімдеріне селкеу түспей жары Ғазиз Жақыповпен бірге ғауһар тойына, жүз жасқа қол ұстасып жетсін!

Ауылдан түлеп ұшып, «Сарыарқаның Қарлығашына» айналған Қарлығаш Аманбайқызының өнегелі өмір жолы көптеген талапты жасқа үлгі болары хақ!



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Приозерск қаласындағы жастарға мемлекеттік бағдарламалар аясында түрлі бағытта жан-жақты қолдау көрсетіліп жүр. ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес жастарды жұмыспен қамту жүзеге асуда. Жастар тарапынан ұсынылған қандай да бір тың тақырыптағы жобалар мен бастамаларға да басымдық берілуде. Бұл жөнінде Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының директоры Ұлан Алмас мәлімдеді.

– Мен жастар арасында мәсе-

ле жоқ деп айта алмаймын. Кей жастар үшін жұмыс табу өзекті. Қазір әр бағытта жүзеге асып жатқан жобалар жастардың өмір сапасын жақсартуға негіз болары да сөзсіз. Қалалық статистика бөлімінің мәліметі бойынша, Приозерск қаласындағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны – 2 767 адам. Экономикалық-тұрақты жас – 1 823. Экономикалық-тұрақты емес жас – 93, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жас – 35, жұмыссыз жас – 21, «НЕЕТ» санатында 37 жас бар. 8 ай ішінде 228 жас жұмыспен қамтылған. «Жасыл Ел» штабының жасақтары қала аумағында 9 жыл жұмыс істеп, айтулы бағдарлама ая-

Жастарға жағдай жасалуда



сында 75 жас жұмыспен қамтылды. Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мақсатында «Қала әкімінің Гранты» конкурсының қорытындысы бойынша 7 жас кәсіпкер жалпы сомасы 12 000,0 теңгені құрайтын Грант иегері атанды. 2022 жылы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында 5 мемлекеттік грантқа 6 126,0 мың теңге бөлінді, – дейді Ұлан Алмас.

Спикердің айтуынша, әлеуметтік жобаларды қолдау мақсатында бастау алған респу-

бликалық «Zhasproject» жобасы аясында Приозерск қаласы бойынша 26 жоба жолданып, оның ішінде 3 әлеуметтік жобаның Грант иегері анықталған. Әр жоба 1 млн. теңгені құрайтын көрінеді. Облыс пен қала әкімінің Грантына ие болған жобалардың ішінде «Кофе орталығын дамыту», «Типография», «Керім» тігін ательесін дамыту, «Тұшпара цехын ашу», «Наубайхана өнімдері», «Қысқы және жазғы уақытта ойын-сауық қызметін көрсе-

ту» атты жобалар жұмысын сәтті бастаған. Алдағы уақытта қалған жобалар келісімшарт жоспарына сәйкес жұмыс бастамақ. Бүгінде жастар арасында түрлі мәселелердің алдын алуға қатысты «Дипломмен ауылға», «Жастар кадрлық резерві», «Жастар тәжірибесі», «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламаларының тиімділігі айқын көрініп отыр.

ПРИОЗЕРСК

● МҰҒТАР ӘУЕЗОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Ұлан даланың ұлы

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің студенттері М.Әуезов биістің алаңында жазушының 125 жылдығы аясында «Ұлан даланың ұлы» атты әдеби шара өткізді. Жиын заңғар жазушының шығармашылығын насихаттау, білім алшылардың баба тілі мен ұлт әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру, дара тұлға рухына тағзым ету мақсатын көздеді.

Әдеби шараға Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Серік Ақсұңқарұлы қатысып, Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты туралы айтты. Әдебиетке жаны құштар колледж студенттері М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасады, қазақ ақындарының және арнау өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Биіст алаңына гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

Қарымды қаламгердің шығармашылығы хақында ақын Нұрлан Оразалин: «Әуезов – қазақ болмысы мен мінезінің ғажайып айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, қайталанбас полотносы, реалды шындығы, кеменгерлік кестесі. Өзі туған ұлтын бар артық-кемімен ішінен үңгі отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни,

қазаққа ғана емес, жұмыр жердің ұлы төсін жайлаған кез келген ұлтқа, әрбір жұмыр басты пендеге түсінікті ете отырып, таныту – Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты», – деп зор баға берген.



● ФЕСТИВАЛЬ



Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасыратыны жоқ, елімізде ерекше балалардың саны артқан. Бұндай бүлдіршіндер қоғамнан тыс қалмай, қоғамда өздерін еркін сезінуі қажет. Олардың талабын ұштап, талантын тану оңай емес. Дегенмен, бұл ерекше балаларды «Демеу» балалық шақ мәселелері жөніндегі үйлестіру орталығы» демеп келеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың спорттық әлеуетін және шығармашылығын, қабілетін да-

мыту, әлеуметтік бейімдеу, оңалту, ынталандыруды мақсат еткен шараға 500-ден астам бала қаты-

«Демеу» демеп келеді

сты. Фестивальдің ұраны – «Өзіңе сен!». Ұйымдастырушылар осы арқылы мүмкіндігі шектеулі жандар арасынан дарынды балаларды анықтап, олардың проблемаларына жұртшылықтың назарын аударуды көздейді.

– Бұл фестиваль облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен жүзеге асып отыр. Ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға барынша қолдау көрсету – басты мақсатымыз. Олардың қоғамдық ортада өздерін еркін сезінуіне мүмкіндік жасап келеміз. Әрі олардың қарым-қабілеттерін шыңдау, өнерін паш ету арқылы ынталандыру. Өзіне жайлы қоғамдық орта қалыптастыру мен қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, – дейді, көр жетекшісі Жүлдіз Саттарова.

Өртүрлі жастағы балалар сурет салып, ағаштан жан-жануарлардың

бейнелерін кескіндесе, тоқыма бұйымдарын да көрмеден кездестіруге болады. Әсіресе, күзгі пейзаж көп кездеседі. Әдемі ән де шырқалды. Дойбы мен шахматтан, тоғызқұмалақтан жарыс өтті.

– Қарқаралы қаласынан келдім. Дойбыдан екі қарсыласымды қапы қалдырдым. Кілең мықтылар жиналған екен. Есемді жібермеуге тырысудамын, – дейді Ә.Ермеков атындағы орта мектептің 6-сынып оқушысы Ақжол Әмірбек.

Сонымен қатар, балалардың қол моторикасын дамыту мақсатында асық ату, бес тас ойындарынан да жарыс өтті.

Фестивальде жүзден жүйрік шыққандар жүлделі орындарға және «Көрермендер көзайымы», «Эксклюзив», «Алтын қолдар» номинацияларына ие болды.

Еске алу

Қабырға қайыстырған қайғының себебі ерлі-зайыптының бакилық болуы. Өз ғұмырының абыройлы азаматы атанған, адал жар **Көмек ИСАБЕКҰЛЫНЫҢ** фанилік болғанына да біршама уақыт өтті. Ол қарапайым механизатордан аудан басшысына дейін қызмет істеген. Көмек Исабекұлының басшылығымен талай жолдар жөнделіп, бірқатар нысандар бой көтерген. Кеңестік саясаттың сынына сынбаған саусақпен санарлық тұлғалар болса, Көмек аға соның бірі еді. Асқаралы қызметте жүріп ол жан жары Ермек Марашқызын жолықтырады. Тағдыр екі жанды әдейі табыстырғандай. Ермек Марашқызы мамандығы дәрігер. Медициналық училище қабырғасында Көмек аға екеуі тіл табысып отбасын құрады. Кейін бала сүйіп махаббаттары беки түседі. Еңбекте жемісті, жарға адалдығымен талай жанға үлгі болған қос жұлдыз бүгін де арамызда жоқ. Ақыры сөніп тынды. Десек те артында қоғамдай жапырылған ұл-қыздан немерелер бар. Атасы мен әжесін аңсаған құлыншақтардың алды бүгін есейіп те қалды. Бір әулетке қайғы жастандырған мәуелі бәйтеректер бүгінде қара жер қойнында. Еске алушылары естен шығармақ емес. Баласы бардың артында іздеушісі, Құран бағыштап, құрбандық шалар ұрпақтары болса жақсының өлуі мүмкін бе?!

Еске алушы: құдасы – **Отан Мақышевтің әулеті.**

№711

Қарағанды облысы колледждері директорларының Кеңесі Са-ран техникалық колледжінің директоры Мамирова Меруерт Магруповнаға анасы

Сәбиля Жактайқызының

қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады. Қайғыңызға ортақпыз!

№263

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, облыстық ардагерлер кеңесінің тексеру комиссиясының мүшесі

Надежда Семеновна ЗЕЛЕНИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

● ЖОБА

1000БАЛА: тілдік жоба тиімділігі

Осы жылы «Мың бала» жобасы аясында қазақ тілін насихаттайтын 587 іс-шара ұйымдастырылып, оған 8400 бала қатысқан. Оның 1850-і мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, жазып кетті. Бұл туралы өңірлік жоба үйлестірушісі Қуаныш Мақсұтов хабарлады. Аталған байқауға аймақтың аудан, қалаларынан түрлі этнос өкілдері, студенттер мен мектеп оқушылары, мектепке дейінгі мекемелер тәрбиеленушілері қатысқан.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы 2015 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді. Негізгі мақсаты – мектеп оқушылары мен түрлі этнос жастары арасында мемлекеттік тіл арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Достық үйінің концерт залында Қазақстан халқы Ассамблеясы мұрындық болған «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасының облыстық кезеңі қорытындыланды. Марапаттау рәсіміне этномәдени бірлестіктер, спорт және қоғам қайраткерлері, журналистер, ардагерлер, мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт өкілдері, оқытушылар, әдіскерлер, тәрбиешілер, оқушылар мен студенттер, облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаттары және белсенді жастар қатысты.

Сонымен, «Қазақ тілін оқыту жөніндегі «Тіл мектебі» авторлық бағдарламалар» номинациясы бойынша Абай аудандық Абай атындағы

тірек мектебі жанындағы ресурстық орталық мұғалімі Мадина Түсіпбаева жүлдегер болды. «Өнер алды – қызыл тіл» номинациясы бойынша Қарағанды қалалық Шөкәрім атындағы гимназияның 8-сынып оқушысы Виктор Каверин жеңімпаз атанды. «Өнерлі өрге жүзер» музыкалық байқауы номинациясына Теміртау қаласындағы SOS Теміртау балалар ауылы 9 «б» сыныбының оқушысы Лида Арешина лайықты деп танылды.

Салтанатты кеште жеңімпаздар арнайы дипломдар мен ақшалай сертификаттарға ие болды. Халықаралық, республикалық және облыстық байқаулар лауреаттарының қатысуымен концерт өтті. ЮНЕСКО аясында тойланып жатқан ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана кітап көрмесін ұйымдастырды.



● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа, креативті тәсілдерді пайдалана отырып, Қарағандыдағы заманауи музейлер ресурсын, мүмкіндігі мен әлеуетін көрсету мақсатында ұйымдастырылған жиынға келушілердің қарасы қалың болды. Бұған дейін де осы форматта іс-шара өтіп, ел назарына көптеген тың дерек пен сирек кездесетін жәдігерлер ұсынылған еді.

Айтулы кешті музей басшысы Ержан Нұрмағамбетов ашты. Музей түнінің маңыздылығына тоқталып, мұражайдың тарихынан да мейлінше сыр тартты.

Бұл жолы да келушілер тың дүниелермен танысты. Атап айтсақ, елдің назарын өзіне бұрған – «Хан көтеру» тарихи реконструкциясы. Тарих төріне жетелейтін бұл дүниені «Ұлы Даланың ұлы өркениеттері» жалпыұлттық тарихи реконструкциялау орталығы ұсынған. Студенттер барын салып, бұл көріністі жанды әрі сенімді түрде көрсетуге тырысты. Хандық дәуірдің толық бейнесін бере білді.

Ал, музей экспозициясы бойынша «Жанданған тарих» театрландырылған экскурсия да ел көңілінен шықты. Мұнда мұражай қорындағы жәдігерлер таныстырылып қана қоймай, сахналық көрініс көрсету арқылы әр экспонаттың тарихи рөлінен мағлұмат берілді.

Музей түніндегі тағы бір ерекше әрі көрерменді көп тартқан Қазақстанның тұңғыш гипперреалист мүсіншісі Айдос Есмағамбетовтің «Көрнекі тұлғалар» гипперреалистік фигуралар көрме-инсталляциясы болды. Мұнда Абылай хан, Абай Құнанбайұлы, Нұрсұлтан Назарбаев, Барак Обама сынды тарихи тұлғалардың мүсіні қойылды. Мүсіндер өз дәуіріне сай киіндірілген. Өте тартымды. Келушілер әрқайсымен суретке түсіп, жасалу жолымен танысып, мәрсәре болды. А.Есмағамбетов осы бағыттағы еліміздегі санаулы мүсіншінің бірі екенін айтқан жөн.

Отбасы құндылығы – ұлттың тірегі. Кейінгі уақытта отбасы институтына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуде. Бұл сөзімізге жақында ғана Қарағандыда өткен «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы дәлел бола алады.

Қаладағы «Достық» үйінде өткен байқаудың актық сынында Шет, Нұра, Бұқар жырау, Қарқаралы ауданы мен Қарағанды, Шахтинск, Балқаш және Теміртау қаласынан барлығы 11 отбасы бақ сынады. Ізгілікті шараны ұйымдастырған облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма.

– Қатысушыларға қойылатын басты талап – отбасы құрамында ата-сы мен әжесінің болуы. Осы байқау



«Музей түні» жанға жарық сыйлады

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының 90 жылдығын мерекелеу аясында «Музей түні» – «Музей достарды қарсы алады» мерейтойлық акциясы өтті. Қала тұрғындары мен қонақтарының басын қосқан ауқымды іс-шара кешкі 19:00-де басталып, түнгі сағат 00:00-ге дейін жалғасты.

Бұдан бөлек, «Шебер-фест» Қарағанды handmade шеберлер жәрмеңкесі және сәндік-қолданбалы өнер және қолдан жасалған бұйымдар бойынша шеберлік сыныптар өтті. Арулар қына жағудың кыр-сырын меңгеріп, зергерлік бұйымдардың жасалу жолдарымен танысты.

Сонымен қатар, музей жәдігерлерінің тарихын қамтитын квест-ойындар, өлкетану бағытындағы викториналар, зияткерлік ойындар дүбірлеп өтіп жатты. Ойындардан жинаған купонды өткізіп, тәттілер мен шәй ішу мүмкіндігі де қарастырылған. Музыкалық экстроваганза «концерт-дискотекасында» демалуға мүмкіндік алды. Еркін микрофонда қонақтар ән айтып, өз өнерін паш етіп, естелік сыйлықтарға қол жеткізді.

– Бұл кештен көп нәрсе білдім. Бұрын мұражайды тек тарихи жәдігерлер сақталатын орын деп білетінмін. Сөйтсем, мұражайдың одан басқа да еңбегі ұшан-теңіз екен. Тарих мұхитына сүңгіп кетіп, түбінен маржан теріп, келушілерге ұсынып жатты. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс салтымызға байланысты бұрын естімеген де-

ректерге қанық болдым. Енді, айына бір рет мұражайға келіп тұрамын, – дейді қала тұрғыны Нұрбол Рахымбеков.

Көпшіліктің назарын өзіне бұрған тағы бір тың дүние «Алаш арыстары» және Екінші дүниежүзілік соғысы залы болды. Осы тарихи кезеңдер хақында қажетті ақпараттар берген студенттердің өнері келушілерді жалықтырмады. Сұрақтарына жауап беріп, естелікке суретке түсті. Әскери форма киген жастардың бойынан патриоттық пен тарихқа деген құрметті байқадық.

Жалпы, музей түнін толық аралап шығып, музей қызметкерлерінің жұмылған жұдырықтай жұмыс істеп жатқанын, бір үйдің баласындай тату бола жүріп, жұмысты нәтижелі ұйымдастыра білетініне көз жетті.

Музей түні келушілердің жанына жарық сыйлады деуге толық негіз бар.

● БАЙҚАУ

Жүнісовтер отбасы жүзден жүйрік



Отбасы құндылығы – ұлттың тірегі. Кейінгі уақытта отбасы институтына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуде. Бұл сөзімізге жақында ғана Қарағандыда өткен «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы дәлел бола алады.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаладағы «Достық» үйінде өткен байқаудың актық сынында Шет, Нұра, Бұқар жырау, Қарқаралы ауданы мен Қарағанды, Шахтинск, Балқаш және Теміртау қаласынан барлығы 11 отбасы бақ сынады. Ізгілікті шараны ұйымдастырған облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма.

– Қатысушыларға қойылатын басты талап – отбасы құрамында ата-сы мен әжесінің болуы. Осы байқау

арқылы біз ұрпақтар сабақтастығын көрсеткіміз келеді. Яғни, бүгінгі балаларды ата-аналар ғана емес, ата-әжелер де тәрбиелеуі керек. Байқауда отбасы мүшелерінің шығармашылық қабілетіне ғана емес, интеллектуалдық деңгейіне де аса мән беріледі. Біз шығармашылық отбасын емес, үлгілі отбасын таңдаймыз, – дейді басқарма басшысы Гүлнарайым Қаңтарбекова.

Финалда бақ сынаған отбасылар қай жағынан үлгі бола алатынын ортаға салды. Оған қоса, талапқа сай тапсырмалар берілді. Интеллектуалдық қабілеттерін анықтау мақсатын-

да мәдениетке, әдебиетке, тарихқа және дәстүрге қатысты сұрақтар қойылды.

Қазылар алқасының құрамына тіл және әдебиет, мәдениет саласының мамандары кірді.

– Отбасы құндылығын насихаттайтын конкурстар әлі де қажет. Шаңырақтағы тәрбие, дәстүр айналып келгенде қоғамды тәрбиелейді. Финалға шыққан отбасылар бір-бірінен кем түскен жоқ. Сондықтан, жеңімпазды анықтау оңай болмады, – дейді қазылар алқасының төрағасы, Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Берік Рақымов.

Байқау қорытындысына келсек, Қарағанды қаласында тұратын Жүнісовтер отбасы жеңімпаз деп танылды. II орынды қарағандылық Дәулетхановтар мен теміртаулық Токтамуратовтар отбасы бөлісті. Үш отбасы III орынға ие болды: Кешубаевтар (Қарағанды), Арыстанбековтер (Шет ауданы) және Нұрахметовтер (Қарағанды).

Жүзден жүйрік шыққан Жүнісовтер отбасының мүшесі Сәттібай: «Отанға деген махаббатты ояту үшін отбасы құндылығын насихаттауды тоқтатпауымыз керек. Байқауда бағымыздың жаңғанына ерекше қуаныштымыз. Ұйымдастырушыларға зор алғыс айтамыз, – дейді.

Жеңімпаздар диплом және ақшалай сертификатпен марапатталды.

● КЕЗДЕСУ

Ғылым жолы – даңғыл жол

Мектеп оқушылары «Өнегелі өмір» жобасы аясында «Ғасыр адамы» атанған физик ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Көкетаевпен кездесу ұйымдастырды.

Әл-Фараби атындағы мектеп гимназиясында былтыр Темірғали Әбілдаұлы атындағы кабинет ашылған. Кездесу сол кабинеттің ашылғанына I жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Ғалымның өлшеусіз ерен еңбегін ескеріп, ұрпақ есінде мәңгі қалсын деген мақсатпен мектептен кабинет ашып қана қоймай, ғалымды терең тану, жастарға таныту жұмыстары жүріп жатыр. Шығармашылық кешке онлайн қатысқан қонақтардың қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Қанат Мұқашев, ғалымның өмірлік досы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Ақылбек Тұрмағанбетов, ғалымның шәкірті Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық университеті, физика-математика ғылымдарының докторы Қуанышбек Шүнкеев, Астана қаласынан ғалымның қызы Карлыға Көкетаева болды.

Арнайы шақырылған қонақтың бірі, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, акын Серік Ақсұңқарұлы. Ол Темірғали Көкетай ағамыздың қазақ зиялыларының алдыңғы легінде екенін айта келіп, арнау оқып берді.

Кеште ғалымның өмір жолы туралы бейнежазба көрсетіліп, тың деректер айтылды.

Гүлдіәлем КАМЕСХАН,
әл-Фараби атындағы
мектеп-гимназиясының мұғалімі

● ХОККЕЙ

«Сарыарқа» Ташкентте топ жарды

Ел чемпионатының кезекті турында қарағандылық «Сарыарқа» клубы ташкенттік «Хумо» клубымен кездесіп, сырт алаңда 2:3 есебімен есе қайтарды. Қос команда бұған дейін кездесіп, ойын ташкенттік клубтың пайдасына шешілген болатын.

Бұл жолы ташкенттіктер өз алаңында жақсы ойын көрсетті. Кездесудің алғашқы бөлігінде алаң иелері алғашқы болып есеп ашты. 4-ші минутта Артём Вале-евтің ұрған шайбасы қақпадан табылды. 17-ші минутта қарағандылықтардың сапынан Антон Злобин қарсылас қақпашысынан айласын асырды. Есеп – 1:1.

Екінші айналымда жерлестер қос шайбаны қатар салып, есепті 1:3-ке жеткізді. Гол авторлары – Кирилл Беляев (14-ші минут), Егор Огиенко (15-ші минут). Бұл айналымда алаң иелері жауап қайтара алмады. Тек, 43-ші минутта Андрей Каравасев қақпадан саңылау тапты.

Қарымта кездесуде жеңіске жеткен жерлестер турнир кестесіндегі орнын жоғалтқан жоқ. 35 ұпаймен көш басында. Ал, «Хумо» клубы 18 ұпаймен – IV орында.

● САМБО

Ел чемпионаты – Теміртауда

Теміртауда алғаш рет самбодан Қызмет Баттабекті еске алу турнирі өтті. Жастар арасында өткен ел чемпионатына 23 жасқа дейінгі жастар қатысты. Турнирдің ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Цай Владислав қатысып, балуандарға сәттілік тіледі.

Алғаш рет өткен чемпионатқа 17 облыстан 200-ден астам спортшы келген. Жарыс жеңімпаздарына «Спорт шебері» атағы берілді. Чемпионат қорытындысы бойынша Қарағанды облысының құрамасы жұлде санымен I орынға шықты.

– Теміртауда самбодан алғаш рет чемпионат өткізіп тұрмыз. Республикалық самбо федерациясы бізге осы чемпионатты өткізуді сеніп тапсырғанына қуаныштымын. Шақырған командалар толық келді десек те болады. Алдағы уақытта бұл дода жалғасын табады. Осы бастамамызбен қала жастарын спортқа баулып, өңірде самбоның деңгейін көтеруге ат салысамыз, – деді Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің басшысы Дәурен Есімханов.

● ҚАЛҚАН

Әскерилер күш сынасты

Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығында әскери қызметкерлер арасында байқау өтті. Байқауға Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облысынан үміткерлер жиналған.

Аталмыш байқаудың іріктеу кезеңі әскери бөлімдерде болған. «Үздік» деп танылған әскери қызметшілерге осы кезеңге жолдама берілген. Әскери қызметшілер 4 бағыт бойынша сынаққа түсті. Әуелі белтемірге тартылып, 100 шақырымды уақытқа жүгірді. Одан кейін, «Макаров» тапаншасымен нысана көздеп, берілген карта бойынша тактикамен ұрыс өнерін көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша «Үздік батальон командирі» аталымында – Ерхан Мұсалимов, «Үздік батальон штаб командирі» номинациясында – Азамат Тағанов жеңіске жетті. Ал, «Батальон командирінің үздік тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмысы жөніндегі орынбасары» аталымына Ескендір Антаев лайық деп танылды.

Жеңімпаздар желтоқсанда Астанада өтетін республикалық кезеңде бақ сынаиды.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»